# SARYARQA

17 shilde 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№26 (8190)



AINA
ОНЛАЙН ОҚУ ЖАЛҒАСАДЫ
2-бет

KÚN TÁRTİBİ
ІНДЕТТІҢ АЛДЫН-АЛУ – МІНДЕТ
3-бет

QOGAM
ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БЕЛОРТАСЫНДА БОЛҒАН
4-бет

TANYM
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ СЫНЫНЫҢ АТАСЫ
6-бет


## КАРАНТИН ШІЛДЕНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН СОЗЫЛДЫ




***ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен сейсенбі күні өткен Үкімет отырысында 10 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмаларын орындау бойынша шаралар қаралды.***

Денсаулық сақтау министрі А. Цой, ұлттық экономика министрі Р. Дәленов, Ұлттық банк төрағасы Е. Досаев, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Атамқұлов, қаржы министрі Е. Жамаубаев, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б. Нұрымбетов, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі А. Жұмағалиев, ауыл шаруашылығы министрі С. Омаров, экология, геология және табиғи ресурстар министрі М. Мырзағалиев, білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы А. Мырзахметов баяндама жасады.

– Қатаң карантиндік шектеу шараларының екінші аптасы өтіп жатыр. Аурудың таралу қарқыны тұрақталуда. Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша, эпидемиологиялық ахуалды одан әрі тұрақтандыру үшін елде шектеу шараларын тағы 2 аптаға, 20 шілдеден бастап 2 тамызға дейін ұзарту туралы шешімді қабылдап отырмыз, – деген Үкімет басшысы карантиндік талаптарды қатаң сақтауға шақырды және орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктерге карантинді одан әрі сақтаудың барлық шараларын іске асыруды тапсырды.

А. Мамин дәрі-дәрмектің қажетті қоры бар екенін, әрі үнемі толықтырылып отыратынын атап айтты. Бұл ретте оларды дәріхана желілері мен стационарларға нақты бөлу бойынша барлық шараларды қамтамасыз ету қажет. Атырау және Маңғыстау облыстарында эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін қосымша тиісінше 102 және 56 жоғары білікті маман жіберілді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша шектеу шаралары кезеңінде табысынан айрылуы бойынша әлеуметтік жәрдемақы – ең төменгі жалақы мөлшеріндегі 42 500 теңгені бір айға төлеу туралы шешім қабылдап отырмыз. Төлем карантин шараларының күшейтілуіне байланысты жұмысы шектелген жұмыс берушілердің, жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өтінімі негізінде жүргізіледі, — деді А. Мамин.

Үкімет басшысы төтенше жағдай кезіндегідей, азаматтардың жекелеген санаттарына (бұл – 1 миллионнан астам адам) азық-түлік өнімдерін алуға ақшалай көмек беруді жалғастыруды, осы жылғы үшінші тоқсанға атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды қолда бар деректер негізінде (128 мыңға жуық отбасы) алдын ала жүргізуді, сондай-ақ мүгедектігін қайта куәландыру мерзімі карантин кезеңіне тап келген адамдардың (шамамен 30 мың адам) мүгедектігін үш айға автоматты түрде ұзартуды тапсырды.

Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша білім, цифрландыру министрліктеріне және әкімдіктерге ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап, жаңа оқу жылының бірінші тоқсанында орта білім беру ұйымдарының қашықтан оқытуға дайындығын қамтамасыз ету тапсырылды. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда және бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының жазбаша өтініші бойынша, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, «кезекші» сыныптардың жұмысы қамтамасыз етілетін болады.

Премьер-Министр әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауы жағдайына халық пен бизнесті қолдау бойынша қосымша іс-қимыл жоспарын дайындауды тапсырды. Бұл ретте бюджет қаражатын тиімді жұмсап, инфляция деңгейін 8-8,5% деңгейінде ұстауды қамтамасыз ететін ақша-несие саясатын жүргізу қажеттігі аталды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне әкімдіктермен және «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, тауарларды сатып алу және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде жергілікті қамту үлесін ұлғайту, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінің жобаларын іске асыруды кеңейту туралы тапсырма берілді.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне осы аптаның соңына дейін Жер реформасы жөніндегі комиссияны құру туралы шешім жобасын енгізуді тапсырамын. Комиссия жер ресурстарын одан әрі пайдалану бойынша нақты ұсыныстар дайындауы қажет, — деді А. Мамин.

Үкімет басшысы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Ә. Смайыловқа Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін пысықтап, екі апта мерзімде шешім жобасын енгізуді тапсырды.

Әкімдіктерге Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орындарын құру санын ұлғайту жүктелді.

Премьер-Министр Мемлекет басшысы қойған міндеттердің барлығы нақты орындалуы тиіс екенін атап айтты.

**«Saryarqa-ақпарат»**

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ САПАРЫ

## АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛМЕН ТАНЫСТЫ

***Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек сейсенбі күні Жезқазғанға жұмыс сапарымен келді. Облыс әкімінің сапары барысында Жезқазған өңірінің медициналық мекемелері ауыр науқастарды емдеуге арналған қосымша жабдықтармен жарақтандырылтыны, қазірдің өзінде өкпені жасанды желдеткіш 14 аппарат сатып алынғаны, тағы 13-і жақында жеткізілетіні белгілі болды. Бұл қажетті жабдықтарды сатып алуға «Қазақмыс» корпорациясы көмектесті. Бұл туралы Жезқазғанда медицина қызметкерлерімен өткен кеңес үстінде денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Нұрлыбаев мәлімдеді.***




Сондай-ақ, «Қазақмыс» тағы 150 оттегі концентратын, 70 пульсоксиметрлерді және 2 рентген аппарат сатып алады. Жабдықтар Жезқазған және Сәтбаев ауруханаларына таратылады.

Кеңесте облыс басшысы жергілікті ауруханаларды дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін көтерді және Қарағандыдан қосымша дәрігерлер бригадасына жіберу міндетін қойды. Сондай-ақ оларға барлық жағдай жасауды тапсырды.

– Мен бүгін мұнда эпиджағдаймен жіті танысу үшін келдім. Кейбір проблемалар барын білемін. Олардың бірі – медицина кадрларының тапшылығы. Мәселе менің жеке бақылауымда. Дәрігерлер іздейміз. Сондай-ақ, дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігіне халықтан шағымдар да бар. Жалпы облыс бойынша жеткізу басталды. Менің міндетім – ірі партияларды қамтамасыз ету, ал одан әрі әкімдер дәрі-дәрмектерді дәріханаларға жеткізу үшін қажет болған жағдайда тасымалдаумен айналысуы тиіс, – деді Жеңіс Қасымбек.

Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Юрий Залыгиннің баяндамасына сай, Жезқазған қаласына ыстық басатын және вирусқа қарсы препараттардың бірінші партиясы жеткізілді. Бірақ халық оларды тез сатып алып жатыр. Бейсенбі және сенбі күндері дәрі-дәрмектердің қосымша партиясы күтілуде.

Сонымен қатар, Юрий Залыгин Экономикалық тергеу департаментімен бірлесе отырып, Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының бес дәріханасында дәрі-дәрмек бағасының артуы және дәрі-дәрмектерді рецептісіз сату фактілері анықталғанын хабарлады. Бұл фактілер бойынша әкімшілік заңнама шеңберінде шаралар қабылданатын болады. Сондай-ақ ЭТД-мен бірлесіп дәрі-дәрмектермен алыпсатарлық фактілерді анықтау бойынша жұмыстар жалғастырылуда.

Жиын соңында облыс әкімі медицина қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды табыс етті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен азаматтардың денсаулығын сақтау ісіндегі жанқиярлық еңбегі үшін Сәтбаев қаласының тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Гаухар Жалмурзина «Құрмет» орденімен, Жезқазған қаласының «Медициналық орталығы» ЖШС директоры Владимир Моторыкин «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жалпы Қарағанды облысы бойынша барлығы 15 дәрігер мемлекеттік марапат алған болатын.

Бүгінгі күні Жезқазған аймағында барлығы 440 орындық төрт жұқпалы аурулар стационары жұмыс істейді. Ондағы жүктелім шамамен 62 пайызды құрайды. 350 төсектік бір пульмопровизорлық госпиталь жұмыс істейді, оның 57 пайызына науқастар орналастырылған, сондай-ақ 90 орынға арналған екі карантиндік госпиталь жұмыс істейді. Сонымен бірге, мұнда 15 реанимациялық төсек бар.

Сондай-ақ жұқпалы аурулар ауруханасына күрделі жөндеу жүргізілуде. Жеңіс Қасымбек Жезқазған аймағы бойынша жұмыс сапары кезінде нысанды аралап қайтты. Стационардың ашылуы осы жылдың күзіне жоспарланған.

**Дархан МҰХАН**

***Соңғы екі-үш жылда Жезқазғанда бұған дейін тұралап тұрған тұрғын үй құрылысы қарқын алды. Биылдың өзінде қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысымен республикалық бюджет қаражаты есебінен 4 бірдей көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы басталмақ. Бұл жөнінде қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа КЕЛМАҒАНБЕТОВА айтып берді.***

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

## ТӨРТ ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



2020 жылы Байқоңыров көшесі 28 «А», Алашахан даңғылы 34 «Е», «И», «К» мекенжайында көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды. Құрылысты жүргізуге қажетті рұқсаттардың барлығы алынды, – деген Мәруа Келмағанбетова Байқоңыров көшесіндегі тұрғын үй құрылысының бас мердігері «Самға» ЖШС компаниясы екенін жеткізді. Жоба авторы – «КАРЭНТ» ЖШС, техникалық бақылауды «DS&V» ЖШС жүзеге асырады.

Жобаға 232,9 млн теңге жұмсау жоспарланған. Құрылысы алты айға созылатын тұрғын үйдің жалпы ауданы 0,1176 гектарды құрайды. Үш қабатты әрі екі кіреберісі бар 18 пәтерлі үйде ауданы 45,4 шаршы метр болатын 6 бір бөлмелі, 67,3 шаршы метрлік екі бөлмелі 6 және 87,4 шаршы метрлік үш бөлмелі 6 пәтер орналасады.

Бүгінде құрылыс орнындағы инженерлік желілерді ауыстыруды аяқтаған жұмыскерлер құрылыс алаңын қоршауға кіріскен. Мердігер «Самға» ЖШС Алашахан даңғылындағы 34 «К» үйін де тұрғызуға жауапты. Құрылысына 730,7 млн теңге жұмсалатын тұрғын үй 2021 жылдың бірінші тоқсанында пайдалану беріледі. Мұнда екі және үш бөлмелі 60 пәтер болады. Олардың ауданы – 54,4– 80,4 шаршы метрдің аралығында.



2022 жылдың желтоқсанында өз тұрғындарына есігін айқара ашады деп жоспарланған Алашахан даңғылы 34 «Е» мекенжайындағы келесі үй көп құрылымды келбетімен ерекшеленеді. 4-7 қабатты бөліктерден тұратын бұл үй 90 пәтерлік болып салынбақшы. Ауданы 41,2, 57,5 және 67,7 шаршы метр болатын 1-3 бөлмелі пәтерлерден тұратын тұрғын үйдің құрылысына биыл республикадан 175,0 млн теңге бөлінді. Құрылыстың бас мердігері – «Астана-Көктем С» ЖШС.

Дәл осы даңғыл бой көтеретін келесі үйдің құрылысына биыл облыстық бюджеттен 153 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 153 млн. теңге бөлінді. Құрылысы 306 млн. теңгені қажет ететін 30 пәтерлі тұрғын үй жыл соңында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Байқоңыров 28 «А», Алашахан 34 «К» мекенжайындағы үйлердің пәтерлері «Тұрғын үй құрылыс банкі» арқылы несиеге берілсе, қалғаны үй кезегінде тұрған қала тұрғындарына арендалық баспана ретінде үлестіріледі. Сонымен қатар, құрылысы былтыр басталған Алашахан 34 «Д» және Шевченко көшесіндегі 23 «А» мекенжайындағы екі үй де баспаналы болуды армандап жүргендердің игілігіне беріледі.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### АУРУХАНАЛАРҒА 3 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРЫ ТАРАТЫЛУДА

***Еліміздің ауруханаларына құны 3 млрд теңге болатын медициналық препараттар таратылып жатыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифинг барысында ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Людмила Бюрабекова айтты.***

Вице-министрдің атап өтуінше, қазіргі уақытта бірыңғай дистрибьютор ауруханаларға құны 3 млрд теңгеге жуық медициналық препараттарды тарату жұмыстарын қолға алған.

Сонымен қатар 3 айға қажетті резерв құру үшін отандық өндірушілерден және импорттаушылардан дәрілік заттар сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Алдағы уақытта науқастардың болжамды саны бойынша бірыңғай дистрибьютор барлық ауруханаларды жыл соңына дейін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін қоймаларды толтырады, – деді Людмила Бюрабекова.

### ПНЕВМОНИЯ КОРОНАВИРУС СТАТИСТИКАСЫНА ҚОСЫЛУЫ МҮМКІН

***ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Людмила Бюрабекова елімізде өкпе қабынуы коронавирус статистикасында неліктен есепке алынбайтындығын түсіндірді.***

Біз қазір халықаралық ұйымдармен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен келіссөз жүргізіп жатырмыз. Бүгінгі күні ДСҰ ұсынымына сәйкес, статистикаға ПТР-дің оң нәтижесі бар жағдайлар ғана кіріп отыр, – деді ол БАҚ өкілдерінің сауалына орай.

Сонымен қатап еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі дәл осы мәселеге байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына сұраныс жібергенін айтты.

Келіссөздер арқылы есепке алынуы тиіс мәліметтерге қатысты ортақ шешімге келеміз. Әрбір елдің статистика мен есепке алуға қатысты өз жолы бар. Біз соны біріздендіріп, барлық елмен қатар жүргіміз келеді, – деді Людмила Бюрабекова.

### ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҒЫН АЛМАҒАН ҚАНДАСТАРҒА ДА 42 500 ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ

***Қазақстан азаматтығын алмаған, алайда оралман мәртебесі бар қандастарға 42 500 теңге беріледі. Бұл туралы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының баспасөз хатшысы Сырымбек Төлеуұлы Facebook желісіндегі парақшасында жазды.***

Тұрақты тіркеуде тұрып оралман мәртебесі бар қазақтар құқықтары жағынан тұрғылықты азаматтармен тең. Оларға ешқандай кедергі жоқ және Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей көмек көрсетіледі. Егер жұмыс істеп жүріп, табысынан шектеулер салдарынан айырылған болса, ол 42 500 теңге алады, – деп жазды Сырымбек Төлеуұлы.

Еске сала кетсек Үкімет отырысында Үкімет басшысы Асқар Мамин атаулы әлеуметтік көмекті қолда бар деректер негізінде алдын ала жүргізуді тапсырған еді.

Ал, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифинг барысында министр шілде айына берілетін 42 500 теңге әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қандай порталдар жұмыс істейтіндігін айтып берді.

Өз кезегінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аталған санаттағы азаматтардың 42 500 теңгелік төлемді ала алатынын растады.

Министр бұл сұраққа Facebook бетінде жауап берген. Дұрыс. Қазақстан азаматы болсын, қандас болсын алады. Бастысы ол бұған дейін ресми түрде жұмыс істеп, табысының жоғалтқаны расталуы тиіс, – деді министрліктің баспасөз хатшысы Александр Кононец.

### СҚО-да МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЫМ ТІЛІН МЕҢГЕРІП ЖАТЫР

***Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік қызметкерлер үшін «Ым-ишара тілінің негіздері» атты тегін курс басталды.***

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, департаменттің бастамасымен ұйымдастырылған ым тілінің курсы онлайн форматта өтіп жатыр.

Ым тілін меңгеру курстарына халыққа мемлекеттік қызмет түрлерін ұсынатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлері қатысады.

Мемлекеттік қызметшілерге тәжірибелі сурдоаудармашылар дәріс оқиды. Тыңдаушылар дактильді әліппені меңгереді. Қазір 30 адам курста оқып жатыр. Олар аудандық халыққа қызмет көрсету орталықтарының, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері және әкімдіктердің өкілдері, – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстық департаментінің бас маманы Әсел Әубәкірова. Сабақ аптасына екі рет 2 сағаттан өтеді.

Дактильді сөйлеудің басты ерекшелігі – нақтылық. Әр жағдайдың өз ым-ишарасы бар. Ым арқылы заттарды ғана емес, құбылыс, оқиғаны да көрсетуге болады. Егер адам қолын қимылдатып ым жасаса, ол белгілі бір іс-қимылдың белгісі. Ым-ишара бейнелеп қана көрсетеді. Мысалы, үйді көрсету үшін адам қолын шатырға ұқсайтындай етіп бүгеді. Ал сүйіспеншілікті білдіру үшін саусақтарын жүрек тұсына қояды, – дейді сурдоаудармашы Нағима Саутова.

«Ым-ишара тілінің негіздері» атты тегін курс 28 шілдеге дейін жалғасады. Курс аяқталған соң тыңдаушылар емтихан тапсырып, тиісті сертификатқа ие болады.

Мұндай дәрістер былтыр да ұйымдастырылған еді. Бүгінде курстардан өткен мемлекеттік органның 101 қызметкері осындай сертификатқа ие.

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ САПАРЫ

# КЕҢГІРДІҢ СУЫН КІДІРІССІЗ ІШЕМІЗ

***Жезқазғанда су мәселесі – ең өзекті проблеманың бірі. Жергілікті билік пен сумен қамтамасыз етуші кәсіпорын бұл мәселені шешудің тағы бір жолын қарастырып, Кеңгір су қоймасынан қосымша су құбырының құрылысын бастаған еді. Қаламызға жұмыс сапарымен келген облыс басшысы Жеңіс Қасымбек аталған құрылыс нысанына да атбасын бұрды.***



Жоба авторларының айтуынша, оның іске қосылуы қала халқын сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аймақтағы қосымша су құбырын салу бойынша міндеттемелерді «Қазақмыс» корпорациясы өз мойнына алған. Қазір қосымша құбырдың едәуір бөлігі тартылған, бір ай көлемінде жұмыс толық аяқталып, құбыр пайдалануға беріледі.

– Өткен жылы суға қатысты проблемалар болды, тұрғындар бір аптадан аса сусыз отырды. Сол кезде біз «Қазақмыспен» Кеңгір су қоймасынан резервтік су құбырын салу қажет деген ортақ шешімге келдік. Бүгінде құрылысшылар соңғы учаскені аяқтауда, оларға 3-4 апта уақыт қажет. Енді қалада үздіксіз су таратуға қатысты қиындықтар болмайды, – деді облыс әкімі.

Мұнымен қоса, қазір Жезқазғанда Есқұла су құбырының жобасы қатар жүргізілуде. Ол жүзеге асса Жезқазған мен Сәтбаевты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуі тиіс. Бірнеше жыл бұрын жаңарту жұмысын аяқтау жоспарланған бұл құбыр қаражат жетпей аяқсыз қалған еді. Биыл Үкіметтің қолдауымен және «Қазақмыстың» белсенді қатысуымен қаржы мәселесі шешіліпті.

Сондай-ақ, «Қазақмыс» корпорациясының күшімен Үйтас-Айдос су құбырын 2024 жылға дейін қайта жаңарту бойынша жобалау жұмыстары басталды.

Облыс әкімі Жезқазғанға сапары барысында басқа да бірқатар нысандарды аралады. Оның ішінде «TrikSat» тігін-тоқу цехын көріп, көпірді жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Бұл нысан «Өңірлерді дамыту – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуда.

Сонымен қатар, облыс әкімі болашақ дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс алаңына да барып қайтты. Жеңіс Қасымбек құрылысшыларға жұмыс сапасына мән беріп, кестеден ауытқымауды тапсырды. Жаңа спорттық нысан келушілерге өз есігін келесі жылы ашады. Мұнда бассейн, күрес залы, хореография залы, спорт залы болады.

**Өз тілшіміз**

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

# БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ – БІЛІМДЕ

***Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде 10 миллионнан астам адам дүниеге келіпті. Бұл бүгінгі халық санының 50 пайызына жуық көрсеткіш екенін ескерсек, жаңа буын өсіп келе жатқанын айғақтайды. Ал, қалыптасып келе жатқан жаңа буынның білім жолындағы болашағы қандай болмақ? Осы уақытқа дейін білім беру жүйесінде қандай нәтижелерге қол жетті? Жалпы тәуелсіздік жылдарында «Білім туралы» үш заң қабылданыпты. 1992, 1999 және 2007 жылдары білім беру жүйесінің құрылымы ЮНЕСКО-ның халықаралық стандарттық классификациясына сәйкестендіріліпті.***

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жоғары білім жүйесін реформалау кезеңін бес кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі (1991-1994 жж) – жоғары білім берудің заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасы жасалуы. Екінші кезең (1995-1998 жылдар) – жоғары білім жүйесін жаңарту, мазмұнын тереңдету. Үшінші кезең (1999-2004 жылдар) – білімді басқару мен қаржыландыруды орталықтан алу және білім ұйымдарына академиялық еркіндікті кеңейту. Төртінші кезең (2005-2010 жылдар) – Жоғары және орта білім беру жүйесін стратегиялық дамыту. Бесінші кезең (2011 жылдан қазірге дейін) – жаңа кезең, инновациялық дамуға бейімделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың ұлттық моделін қалыптастыру. Осы жүргізілген реформалар арқасында білім беруді басқаруда демократиялық сипаттар орнығa түсті, білім мекемелерінің өкілеттіліктері кеңейді, мемлекеттік жалпы орта және бастапқы кәсіптік білімнің тегін жүргізілуі кепілдендірілді, білім берудің үштұғырлылығы жүзеге асырылып жатыр. ҚР азаматтарымен қатар басқа мемлекеттерде тұратын қандастарымыздың тарихи отанында білім алуына мүмкіншілік ашылды, елімізге аса қажетті мамандықтарға мемлекет тарапынан білім гранттарының желісі ұйымдастырылып жыл сайын ұлғайтылып жатыр.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2005 жылдан бастап елімізде білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы, Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы, еліміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Дарынды жас қазақстандықтарға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру еліміздегі адами капиталдың дамуына қосылған елеулі үлес болды. 1994 жылдан бері жылма-жыл қазақстандық жастар шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарына жіберіліп келеді.

Қазақстанның Болон процесіне жедел кіруі нәтижесінде еліміз үш деңгейлі моделге енді: бакалавриат-магистратура-PhD докторантура. Қазіргі күні еліміздің көптеген жоғары оқу орындары еуропалық агенттіктердің сапа менеджменті жүйесіне сәйкес жұмыс істейді (бұл қатарда Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті де бар). Докторлық және магистратуралық бағдарламалары үшін кластерлі бастамалар негізінде озық мамандықтардың тізімі анықталды. Бұл құжаттар мемлекет саясатының білім саласындағы негізгі міндеттерін айқындады.

Қазақстанда өткізілетін әлеуметтік-экономикалық реформалар нәтижесінде, жоғарғы оқу орындарын қоса алғанда, соңғы жылдары алға қойылған келесі міндеттерді атап өтуге болады:

1. Жоғарғы білім жүйесін демократияландыру және басқарудың бір орталықтан жүргізілмеуі;

2. Жоғарғы оқу орындарының құрылымы мен жүйесін әртараптандыру;

3. Жаңа заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны құру;

4. Жоғары білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарын қалыптастыру.

Жалпы Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ол үшін үкіметтің білім беру саясатында орнатқан барлық бағдарламалары білім беру жүйесінің аясында жинақталған әлем тәжірибесінің мүмкіндігіне негізделіп жасалуы қажет. Ұлттық білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісін кешуде. Сондықтан, көптеген мемлекеттер үшін, әсіресе, Орталық Азия үшін, өзінің білім беру жүйесін өзгертуде дұрыс бағыт таңдау мәселесі тұр. Жаңа заманның негізгі үрдістері білім беру саясатына да ықпалын тигізе бастады. Білім беру жүйесі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуда, себебі, жаңа әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесімен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

**Арман КЕНЖЕБЕК,**
**Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің гуманитарлық-педагогтік институты директорының орынбасары, гуманитарлық ғылымдар магистрі**

# ОНЛАЙН ОҚУ ЖАЛҒАСАДЫ

***Қазақстанда оқушылар 1 қыркүйектен бастап бірінші тоқсанды қашықтан оқитын болды. Үкімет отырысында сөз сөйлеген Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов басты басымдық балалар мен мұғалімдердің өмірі мен денсаулығы екенін жеткізді.***



Осыған қарай келесі шешімдерді ұсынамын: біріншіден, шалғайда орналасқан шағын жинақты мектептерді қоспағанда 1 қыркүйектен бастап еліміздің барлық мектебіндегі 1-11 сынып оқушылары үшін оқу жылының алғашқы тоқсанын қашықтан оқыту форматында өткізу, – деді ол.

Өз кезегінде Үкімет басшысы Асқар Мамин Денсаулық сақтау мен Білім және ғылым, Цифрландыру министрліктері бойынша 1 қыркүйектен бастап орта мектептерде бірінші тоқсанды қашықтан оқыту форматында өткізуге дайын болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Әрине, бұл өте күрделі шешім. Қазіргі уақытта қоғамда осы мәселеге қатысты бірнеше ой, ұсыным бар. Осы шешімді қабылдамас бұрын сарапшылармен сөйлесіп, пікірлерін тыңдадық. Ата-аналардың да пікірін тыңдап, халықаралық тәжірибені зерделедік. Ең бастысы – бүгінгі күнгі ахуал. Бізге керегі - балалардың, ата-аналардың, педагогтардың денсаулығы, сондықтан осындай шешім қабылдап отырмыз. 1 қыркүйектен бастап 1-11-сынып аралығындағы оқушылар қашықтан оқиды. Оларға барлық тиісті жағдайды жасап беруіміз керек, – деді министр.

Орталық коммуникациялар қызметінде онлайн брифинг өткізген ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бастауыш сынып оқушылары үшін кезекші сыныптар ашу мүмкіндігі қарастырылатынын айтты.

Қажет болған жағдайда бастауыш сынып оқушылары ата-аналарының жазбаша өтініштері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, кезекші сыныптардың қызметін қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді ол.

Министр ата-аналарды мемлекет онлайн оқуды қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасайтынына сендірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, Білім және ғылым министрлігіне, әкімдіктерге жаңа оқу жылын ұйымдастыру бойынша бірнеше тапсырма берген болатын. Осы тапсырмалар аясында жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Жаңа ғана Үкімет отырысында осы мәселені бөлек қарап, тиісті шешім қабылданды, – деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Министрдің айтуынша, қашықтан оқитынына қарамастан әр оқушының қағаз түріндегі оқулығы болуы керек.

Біз оқулық жеткізу және басып шығару бойынша жұмыстар жүргіздік. Қашықтан оқу форматына қарамастан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етеміз. Бұл өте маңызды. Қашықтан оқитынына қарамастан әр оқушының қағаз түріндегі оқулығы болуы керек, – дейді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Ол бүгінгі күні жаңа оқулықтарды аймақтарға жөнелту жұмыстары басталғанын жеткізді.

Былтыр жыл соңында шығарылған оқулықтарды да тамыз айынан бастап өңірлерге жібереміз. Адамдар көп жиналып қалмайтындай етіп ұйымдастырамыз. Арнайы кесте қойылып, қажет жерде әріптестеріміз, волонтерлер көмектесетін болады. Эпидемиологиялық жағдайға кері әсер етпейтіндей етіп жұмыс істейміз, – деді ол.

Министр сонымен бірге, жоғары оқу орындарында онлай оқуға байланысты студенттердің төлемақысын төмендетуге қатысты да пікір білдірді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі берген тапсырмаға сәйкес барлық жоғары оқу орындары қосымша шығындарға ұшырап жатыр. Жоғары оқу орындарына академиялық және қаржылық дербестік берілген, сондықтан оқу ақысы қанша болатыны туралы мәселені әр институт, әр университет, әр академия өзі шешеді. Қашықтан оқытқанда шығын аз болады деген түсінік бар. Негізінде олай емес, мысалы оқу орнында 5 корпус болса, бесеуі де жабылмайды. Оның коммуналдық шығындары, жұмыс істеп жатқан оқытушылардың шығындары бар, – деді Асхат Аймағамбетов.

Оның айтуынша, қашықтан оқу режиміне көшкенге дейін жоғары оқу орындарында қашықтан оқу жүйелері, технологиялары болмаған.

Сондықтан олар қазіргі уақытта арнайы шығынданып, арнайы жүйелерді сатып алып жатыр. Интернет күшін кеңейтуде. Біз берген тапсырмаға сәйкес барлық жоғары оқу орындары қосымша шығындарға ұшырап жатыр. Бұл министрлік емес, әр университет өзі шешетін мәселе, – деп нақтылады ол.

Осы ретте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мұғалімдер мен оқушыларға арнайы тарифтік жоспар шығару мәселесін пысықтап жатқанын айта кеткен жөн. Министрліктің хабарлауынша, бұл тарифтік жоспар мұғалім мен оқушы арасындағы лимитсіз қоңырауларды, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігі белгілеген білім беру отандық ресурстарына қолжетімділікті қарастырады.

**«Saryarqa-ақпарат»**

## ПРОЕКТ

### О внесении изменения в совместное постановление акимата города Жезказган от 7 июня 2019 года № 19/02 и решение Жезказганского городского маслихата от 11 июня 2019 года № 36/319 «О льготном проезде отдельных категорий граждан города Жезказган на общественном пассажирском транспорте (кроме такси)»

В соответствии с Бюджетным Кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Закона Республики Казахстан от 21 сентября 1994 года «О транспорте в Республике Казахстан», Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Жезказган **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Жезказганский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в совместное постановление акимата города Жезказган от 7 июня 2019 года № 19/02 и решение Жезказганского городского маслихата от 11 июня 2019 года № 36/319 «О льготном проезде отдельных категорий граждан города Жезказган на общественном пассажирском транспорте (кроме такси)» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 5394, опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 04 июля 2019 года, в газетах «Жезказганский вестник» от 28 июня 2019 года № 25 (281), «Сарыарқа» от 28 июня 2019 года № 24 (8138)) следующее изменение:

подпункт 1) пункта 1 изложить в новой редакции:

«1) участникам и инвалидам Великой Отечественной войны и лицам, статус которых определен статьями 5, 6 Закона Республики Казахстан от 6 мая 2020 года «О ветеранах»;».

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким города Жезказган К. БЕГИМОВ**
**Секретарь городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов бірқатар құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарына атбасын бұрып, кезекті көшпелі кеңес өткізді.***

Қала басшысы алғаш барған нысан «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында құрылысы басталған 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені болды. Жалпы құны – 1 млрд. 719 млн теңгені құрайтын жаңа нысанның құрылысына биыл 1,1 млрд теңге бөлінген. Оның 500 млн-ы республикалық, 300 млн-ы облыстық және 300 млн-ы қалалық бюджеттен қарастырылған. 2019 жылы құрылысты бастауға облыстық бюджеттен 100 миллион теңге бөлінді.



Сот процестеріне байланысты қаражат 2020 жылға шегеріліп, екінші қайтара конкурстық процедуралар жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша «Орион LTD» ЖШС жеңімпаз атанды. Мердігер 1 638,6 млн теңгеге спорт кешенін салып беруді өзіне міндеттеп отыр. Келісім шарт жасалып, міндеттемелер қабылданған мамырдан бастап, құрылыс жұмыстары қарқын алды. 63 жұмыссыз жезқазғандық жұмылдырылған құрылыс кестеге сай іркіліссіз жүріп жатқанын көрген Қайрат Баяндыұлы мердігер мен жауапты мекеме мамандарына спорт нысанының салауатты ұрпақ қалыптастырудағы рөлін еске салып, жұмысты барынша жауапкершілікпен атаруды тапсырды.

Одан кейін қала әкімі бастаған жұмыс тобы қаланың жылу желілерін қайта құру бойынша жүзеге асырылып жатқан екі жобаның барысымен танысты. Атап айтқанда, қазір «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында магистралды жылу желілерін №3 және 9 негізгі сорғы станцияларына дейін қайта құру жұмыстары және «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде №3, 9 және 11 сорғы станцияларынан жылу желілерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күні 9-шы жылу магистралі бойынша жұмыстар 90% орындалды. Жезқазған ЖЭО-нан №9 сорғы стансасына дейін отандық өндірістің алдын ала оқшауланған құбырлары пайдаланылды, олар жылу энергиясының шығынын қысқартуға мүмкіндік береді, сол арқылы осы тармақтың тұтынушыларын жылумен жабдықтау сапасын жақсартады. Сондай-ақ, Жезқазған ЖЭО-ның ЖМ-3 от жылу магистралін №3 сорғыға дейін қайта құру жұмыстары аяқталу сатысында. Мұнымен қатар №3 сорғы станциясынан ЖМ-3 жылу магистралін демонтаждау жалғасуда. №11 сорғы станциясынан жылу желілерін қайта құру мәселесі де қала басшылығының назарынан тыс қалмаған. Бүгінгі күні ең апатты деген учаскелер таңдалып, алдағы күндері жөндеу жұмыстары басталады.

Бұл жұмыстар халықтың әл-ауқатын жақсартуға, сондай-ақ, жезқазғандықтардың жылу мен ластанған ыстық суға байланысты көп жылғы мәселелерін шешуге бағытталғанын алға тартқан Қайрат Бегімов жобалардың жүзеге асуы оның қатаң бақылауында екенін ескертті.

МАМАН КЕҢЕСІ

# САЛҒЫРТТЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

***Қала басшылығының тапсырмасымен отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың, емхана мен басқа да емдеу ұйымдарының қызметкерлері азаматтарды вирустық инфекциядан сақтану жолдары, ем-дом шаралары туралы ақпарат құралдары арқылы хабардар етуді бастады. Осы мақсатпен «Дидар» телеарнасының баспасөз орталығында брифинг өтті.***




Брифингіде «Әбілдинова» ЖШС отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Әдиша Әбілда мен «Кошумбаева» ЖШС отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Жанар Бөрібекова коронавирус инфекциясының таралуы кезіндегі сақтық шараларын түсіндірді.

Дәрігерлердің айтуынша, бізде ауыр жағдайға жеткен азаматтардың көбісі аурудың алғашқы белгілері байқалған сәтте дәрігер көмегіне жүгінбей үйде жатып қалғандар екені анықталып отыр. Өз бетінше ем қабылдау да науқастың жағдайын қиындатып жібермесе, оңалтуға септеспейді.

Қандай ауру болмасын, ешкім ауырамын деп ойламайды. Ешкім ешқашан ауырмаймын деп өзіне кепілдік бере алмайды. Алайда, әркім өзінің, жақындарының денсаулығына жауапты. Бүгінгі жағдайда адам көп жиналатын орындар, жиын, басқосулардан алшақ жүрген дұрыс. Одан кейін қарапайым гигиена талаптарын сақтауымыз керек. Маска тағып, қолды сабынмен жуып, антисептикті үзбей қолдануды дағдыға айналдыруымыз керек. Бұл ретте балаларды да осы дағдыларға үйрету керек, – деген «Әбілдинова» ЖШС отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Әдиша Әбілда жалпыға ортақ сақтық шараларынан кейін бүгінде өзекті болып отырған коронавирус инфекциясын жұқтырғанда байқалатын негізгі белгілерге тоқталды.

Алғашқы белгісі ретінде тамақтың жыбырлауын, сирек жөтелдің пайда болуын айтуға болады. Мұндай кезде адамдар суық тигізіп алдым, жай тамағым ауырып тұр, фарингит, тонзилит екен деп жүріп қалуы мүмкін. Осындай белгі байқалғанда күніне бірнеше рет тамақты тұзды сумен шаю керек. Сонымен бірге регидрон ішу керек. Өйткені, бұл вирусты тұзды ерітінділер жояды. Осылайша, вирустың өкпеге өтпеуін қамтамасыз етеміз. Аскорбин, түрлі витаминдер ішу артық болмайды. Сұйық тамақты көп ішу де аурудан тез айығып, иммунитетті қалпына келтіруге көмектеседі, – дейді ол.

Дәрігерлер сондай-ақ, азаматтарды үйде емделемін деп ауруды асқындырып алмауға шақырды.

Егер дене қызуы көтеріліп, бірақ, 38,5 градустан аспаса оны түсіруге әрекеттеніп керек емес. Тек осы 38,5 градустан асқан жағдайда ғана парацетамол ішуге болады. Температура түспесе, жедел жәрдем шақыру керек. Жедел жәрдем бригадасын шақыру – міндетті тәртіп. Кейін жедел жәрдем мамандары ауырған азаматтың тіркелген амбулаториясын хабардар етеді. Ары қарай отбасылық дәрігерлер науқасты бақылауға алады. Қазір отбасылық-дәрігерлік амбулатория дәрігерлері қашықтан қызмет көрсетуде, егде жастағы, созылмалы аурулары бар адамдар, пневмониямен ауыратындар, жүкті әйелдерге дәрігерлер телефон шалып, жағдайларын біліп тұрады, – дейді Әдиша Жұмашқызы.

Дәрі ішуде де мұқият болған жөн. Үйде дәрі ішіп, өзім емделем деген – қате түсінік. Бұлай ауруды асқындырып алуы мүмкін. Мысалы, антибиотикті дәрігер нұсқауынсыз мүлдем ішуге болмайды. Антибиотик ол бактерияға қарсы препарат. Дәрігерге көрініп, дәрігердің тағайындауымен ғана ішу керек. Дәрігер науқастың нақты ахуалына қарай басқа да ем шараларын тағайындайды, – дейді мен «Кошумбаева» ЖШС отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Жанар Бөрібекова.

**Өз тілшіміз**

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУ ТОҚТАҒАН ЖОҚ

***Елімізде COVID-19 коронавирус инфекциясының тарала бастаған наурыз айынан бастап адам көп шоғырланатын қоғамдық орындарды залалсыздандыруға ден қойылғаны белгілі. Бүгінде Жезқазған көшелері мен саябақтарында ауыр індеттің таралуына тосқауыл болатын залалсыздандыру жұмыстарының барысы жайында қала әкімінің орынбасары Қайрат БАПАНОВ айтып берді.***

Оның айтуынша, қазіргі таңда қала бойынша дезинфекция жұмыстары күшейтілген. Қала көшелерімен қатар ірілі-ұсақты сауда орындары, көп қабатты тұрғын үйлер, олардың ауласы, қоғамдық көліктерде тазалық мәселесі қатаңдатылып, күнбе-күн залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінде мысты өлкеде қалаішілік жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен 4 жеке кәсіпкер тіркелген. Олардың қарамағында барлығы 83 автобус бар. Аталмыш қоғамдық көліктер күніне 747 айналым жасайтын көрінеді. Және әр айналым сайын автобустың іші мен сырты арнайы залалсыздандырғыш құралдармен тазартылады. Сонымен қатар, қаладағы 92 аялдама павильоны мен қала көшелері де назардан тыс қалмады. Арнайы техника мен жұмыскерлер аялдамаларды дизенфекциялап, көше жолдарын жуады. Қажеттінің бәрімен жабдықталған сегіз адамдық жұмыс тобы 770 орындығы мен 612 қоқыс жәшігі бар, жалпы аумағы 271381 шаршы метрді құрайтын барлық саябақтар мен аллеялардың дезинфекциясына жауапты. Балалар ойын алаңқайының да тазалығы бақылауда. Олардың саны – 77.

Тазалық басты міндетке айналған мына аумалы-төкпелі кезеңде ПИК төрағалары мен қызметкерлері де жауапкершілік жүгін жіті түсінгені қуантады. Қаладағы 652 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы мен кіреберістеріне аптасына бір рет арнайы залалсыздандырғыш құралдар себіледі. Осы ретте, залалсыздандыру заттары мен кондырғыларын ПИК иелері өз қаржысы есебінен сатып алған. Қалалық әкімдігі демеушілерді тарту арқылы ПИК қызметкерлеріне қолдау көрсетуде. Атап айтқанда, жұмыскерлерге арнайы қорғауыш костюмдер мен 11 дана аппарат берілді. Ломоносов, Наурыз, Пугачев сынды көшелерде ПИК құрамына енбеген бірқатар көпқабатты үйлердің залалсыздандыруын «Достық-Аян» пәтер иелері кооперативі өз мойнына алған.

Сондай-ақ, тіршілікті қамтамасыз ететін жылумен, сумен қамтамасыз ету кәсіпорны, жылу орталығы мен электр тарату кәсіпорынында, авто-темір жол вокзалдары мен әуежайда барлық сақтық шаралары қатаң сақталуда. Ғимараттар дезинфекцияланып, қызметкерлер медициналық маскалармен, антисептиктермен, қолғаптармен қамтамасыз етілген. Алдағы күндері де бұл талаптардың қатаң сақталуы бақылауда болмақ.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ІНДЕТТІҢ АЛДЫН АЛУ – МІНДЕТ

***Бүгінгі эпидемиологиялық ахуал тұрғындар арасында ақпараттық насихат жұмыстарын әлі де күшейту қажеттігін көрсетеді. Көпшілік маскалы режимді сақтауға тырысқанымен оқшаулануды құп көрмейтін сыңайлы. Қазір қоғамдық орындарда адам қарасы көп. Тиісінше, адам көп шоғырланған жерде вирус та, инфекция да тез тарап, көбейеді. Осы ретте жезқазғандық медициналық мекемелер әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын бастап кетті.***

«Кошумбаева» мен «Әбілдинова» отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның дәрігерлері «инстаграм»-дағы парақшасында «Коронавирус инфекциясының алдын алу. ЖРВИ және тұмау» тақырыбында тікелей эфир өтетінін желі қолданушыларына бір күн бұрын хабарлады. Соның нәтижесінде көптеген оқырман дәрігерлердің кеңесін тыңдай отырып, мол пайдалы ақпар ала алды.

Бүгінде 7 мыңға жуық қала тұрғынына медициналық көмек көрсететін қос бірдей ОДА-ның бас дәрігерлері Әдиша Әбілдә мен Күлзипа Кошумбаева оқырманға коронавирустық инфекция белгілерін тұмаудан ажырата білуді үйретіп, гигиеналық тазалықты сақтау өзінің және өзгенің өмірін аман алып қалуға септесетінін жеткізді.

– Тұрғындар үшін коронавирус инфекциясын өкпе қабынуы мен қарапайым тұмаудан, жедел респираторлық вирустық инфекциядан айыру қиындау болып тұр. Содан болар «жай ғана тұмау ғой, өз бетімен дәрі ішіп, жазылып кетемін» деп ауруға немқұрайды қарап, асқындырып алып жатқандар бар. Әдетте өкпе қабынуы қыс айларында, күз-көктемнің салқын кездерінде кездесетін, биыл жаздың ыстығында көп тіркеліп отыр. Оның себебі – жұқтырылған коронавирустық инфекция. Ол өкпе қабынуын туғызады. Сондықтан, аурудың бірінші белгілері байқалысымен, дәрігер көмегіне жүгінген абзал, – деп оқырмандарымен сұрақ-жауап форматында эфир жүргізген ақ халаттылар ауыр індеттің қалай жұғатынын түсіндіріп берді.

Жоғары тыныс алу жолдарының шырышты қабығы арқылы ағзаға жұқпалы бөлшектер кірген кезде адам инфекция жұқтыруы мүмкін екен. Вирус адамнан адамға ауа-тамшы жолымен, яғни науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде жұғуы мүмкін. Сондықтан, көпшілік жерге барғанда адамдар арасындағы қашықтық кемінде 2 метр болуы шарт. Сондай-ақ, ол жуылмаған азық-түліктен, науқас адамның заттарынан да жұғуы ықтимал. Вирус қоршаған ортаға төзімді. 34-36°С температурада олар 2-3 күн бойы өмір сүре береді, ал дезинфекциялау құралдарын пайдалану арқылы 10 минут ішінде жоюға болады. Сондықтан, қолыңызды үнемі антисептикпен тазартып, үйге дезинфекция жасап тұрған дұрыс.

Коронавирусты жоғары температура, жөтел, тамақтың ауыруы, мұрынның бітуі, бастың, бұлшық еттердің ауыруы, іш өтуі сынды белгілер арқылы анықтауға болса, өкпе қабынғанда қақырықты жөтел, дене қызуы, қалтырау, тыныс алудың қиындауы байқалады, сонымен қатар, көкірек тұсы, буындар мен бұлшық еттер, бас ауырады, тәбет жоғалып, науқас қатты шаршайды екен.

«Сақтансаң, сақтайды» демекші, желі оқырмандарын ауруды жұқтырып алмаудың жолдары қызықтырды. Коронавирус, ЖРВИ және тұмау жұқпалы ауру болғандықтан, аурудың алдын алу, сақтану талаптары ұқсас келеді. Дегенмен, адамдар көп жиналатын жерге маңызды себепсіз бармау, қоғамдық орындарда адамдардан кемінде бір метр қашықта болу, медициналық бетперде мен респираторларды ұдайы қолдану, қолды үнемі сабындап жуып, антисептиктер қолдану, лас қолмен бет-ауызыңызды ұстамау, үйді үнемі желдетіп, ылғалды тазалау, ауаны ылғалдандыру, сұйықтықты көп ішу, иммунитетті көтеру сынды талаптарды орындау арқылы індетке төтеп беруге әбден болады.

# ДӘРІ-ДӘРМЕК ДҮРБЕЛЕҢІ

## *Жезқазғанда ахуал оңала бастады*

***Өткен аптада жалғыз Жезқазған емес, бүкіл ел аумағында дәріханаларда дәрі жетіспеушілігі туындағанын білеміз. Пневмониямен науқастанушылар санының күрт артуына байланысты үйден ем қабылдаушылардың дәріханаға ағылуы, бас кезінде бір қолға берілетін дәрінің шектеусіз сатылуы осындай күрделі жағдайдың негізгі себебі болғаны рас. Алайда, өткен жұмадан бастап қала дәріханаларына сұранысқа ие дәрі-дәрмектер түсе бастады.***




Мәселені бақылауына алған қала басшысы Қайрат Бегімов те кеше бірқатар дәріханаларға арнайы барып, дәріхана қызметкерлерімен, дәрі іздеген қала тұрғындарымен тілдесті. Бағаны негізсіз өсіру мен қолдан тапшылық туғызу жағдайларын болдырмау үшін қалада БАҚ қызметкерлерінің қатысуымен 2 мобильді топ құрылып, рейдтік шаралар да өткізуде.



Қалада барлығы 21 дәріхана жұмыс істейді. Ол дәріханаларға негізінен «Аманат» ЖШС, «Inkar» ЖШС, «Стофарм» ЖШС, «Эмите» ЖШС, «Медсервис+» ЖШС сынды фирмалар дәрі жеткізумен айналысады. Сонымен, 14 шілде күні де Жезқазғанға кезекті дәрі-дәрмек партиясы жеткізіліп, дәріханаларға таратылды. «Inkar», «Аманат» фирмаларынан қала дәріханаларына мынадай дәрі-дәрмектер жеткізілді:

– Парацетамол – 11300 дана (пластиналар);

– Ацетилсалицил қышқылы (аспирин) –18250 дана (пластиналар);

– Цефазолин – Акос (ампула, 1г) – 9050 дана;

– Ротацеф (цефтриаксон, ампула,1г) – 180 дана;

– Амоксиклав – 122 дана (пластиналар).

Сонымен бірге, тамифлю, римантадин, кардиомагнил және т. б. бар. Біз тілдескен «Здоровье+» дәріханасының директоры Любовь Кулдашина таңертеңнен дәрі-дәрмек келе бастағанын, түсте тағы кезекті партия келетінін айтады.

Қазір «Inkar», «Аманат» фирмалары әкеліп жатыр. Бүгін келетін дәрілердің ішінде аспирин, парацетамол сияқты дәрілер де бар. Антибиотиктерді тек дәрігердің рецептісімен береміз. Аспирин, парацетамолды бір адамға тек 2 данадан сатамыз. Осы ретте азаматтарды сабырлық сақтауға, бір-біріне құрмет танытып, дүрбелең жасамауға шақырамын, – дейді ол.

**Өз тілшіміз**

РЕЙД

# ТАЛАПТЫ ОРЫНДАМАҒАН

## *кәсіпкерге жаза бар*

***Карантин режимі қайта күшейтілген соң, 3 шілдеде қаланың бас санитарлық дәрігерінің жаңа қаулысы жарияланды. Қаулыда кәсіпкерлік нысандарға қойылатын арнайы талаптар да көрсетілген. Сала мамандары бизнес өкілдерінің ережені қаншалықты деңгейде орындап жатқанын тексеру үшін кезекті рейдке шықты.***

Індеттің таралуын шектеу – басты мақсат. Сондықтан қазір қаланың барлық арнайы қызметтері күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Арнайы топтың алғашқы талабы – табалдырықта міндетті түрде дизенфекциялық кілемше төселу керек, тұтынушылардың қолдарын залалсыздандыруға арналған антисептикалық санитайзер орнатылуы керек. Келгендердің температурасын өлшеуге арналған арнайы аспап, оны тіркеп отыратын журнал болуы шарт. Дегенмен, ас-су ұсынатын кафелер мен дүкендердің бәрінде аталған талаптар орындалмай жатыр. Осы ретте қалалық тауарлар және қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының жанынан құралған арнайы мониторингтік топ, түсіндірме жұмыстарынан кейін қатаң шараларға көшті. Енді олар карантин талаптарын сақтамаған жеке кәсіпкерлердің ісін сотқа жолдап, заң алдында жауапқа тартпақ.

Кейбір азық-түлік дүкендерінде де салғырттыққа жол берілген. Көбінесе тұрғын үйдің ауласындағы ұсақ дүкендер санитарлық талаптарға бас қатырғысы жоқ. Нан өнімдерін арнайы қаптамағанын былай қойғанда, арнайы залалсыздандыру құрылғылары таусылған немесе сақталу тәртібінде ағаттық жіберілген. Дүкендерде бар болуға тиісті диохлор құралдары бөлек бөлмеде, жабық ыдыста тұруы әрі оның қолдану нұсқаулығы болуы шарт. Жеке кәсіпкер тазалайтын құралдың кемі 3 күнге жететіндей қорын жасақтауы тиіс.

Төрт айдан бері пандемия жағдайында өмір сүргенімізге қарамастан карантин талаптарын орындауға асықпаған кәсіпорындардың барлығы, әрине, өкінішті. Енді оларды жауапты мекемелер айыппұл төлеуге міндеттеу арқылы жөнге салмақ. Естеріңізге сала кетсек, өткен айларда мобильді топ 720-ға жуық нысанда рейд жүргізіп, 24 нысанда тәртіп бұзушылық анықтаған. Бесеуінің ісі сотта қаралды. Нәтижесінде, қоғамдық тамақтану орындары, азық-түлік дүкені, компьютерлік клуб иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 100 АЕК көлемінде айыппұл төледі.

**Бота ШАЛҚАР**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы
Послание Президента Республики Казахстан

# ЦИФРЛАНДЫРУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

***Сот билігі – Ата Заңымызда бекітілген мемлекеттік биліктің негізін құрайтын үш биліктің бір тармағы. Сот билігінің абыройы – мемлекет абыройы, оның ар-ожданы. Бұл абырой, сот билігіне әр іс бойынша заңдылыққа бағына отырып, тек шындық үстемдік құратын әділ де заңды шешімдерімен ғана, қасықтап жиналатын қоғам сеніміне ие болғанда мүмкін болары хақ. Ал мұндай халық сенімі қандай да бір өлшемге сыймайтын, көрсеткіштермен есептелмейтін – би адал, шешім әділ болғанда ғана қол жеткізе алатын әділдіктің ауыр таразысы, шындықтың шыңы.***

Елбасы ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Рухани жаңғыру» бағдарламалары – қоғам мен мемлекеттік құрылымның барлық саласында, соның ішінде сот билігіне де ел мүддесіне сай биік белестерге жетуді міндеттеп отыр. Бұған қоса прогрессивті IT технологияға негізделген «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы – қоғамның қай саласына да серпінді күш, жаңа тыныс беретін бағыт.

Бұл өзгеріс – мемлекетіміздегі сот билігінің ең биік шыңы, соңғы сатысы Жоғарғы Сот абыройын асқақтатпаса, түсірмесі анық. Бұл бірінші кезекте Жоғарғы Соттың қазіргі жұмыс бастылығын тоқтатып, өзінің тікелей міндеті – мемлекеттік сот билігінің бағыт-бағдарын көрсететін түпкілікті, құнды, сапалы қаулы-қарарлар қабылдау мүмкіндігін кеңейтеді. Жоғарғы Соттың өз құзыры арқылы кез келген істі алдырып, қарай отырып мемлекетте үнемі біртекті, әділ сот тәжірибесін қалыптастыру мүмкіндігі молаяды. Өзіне дейін жергілікті соттардағы облысаралық кассациялық сот сатысы арқылы заңсыздықтың алдына уақтылы, дер кезінде тосқауыл қойып, сот билігінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттырады. Кассациялық сот сатысын елге жақындату арқылы оның мәні мен маңызын көтеріп, сот билігі Ата Заңда бекітілген өз мақсаттарының үдесінен шығып, ел сенімі күшейеді.

Жалпы, мемлекеттік цифрландыру бағдарламасы – бүгінгі рухани жаңғыру аясында сот билігімен қатар құқық қорғау органдары жұмыстарын да бірдей жүйелі түрде саралап, еліміздің зайырлы мемлекет болып қалыптасып, өркендеп дамуында көзге көрінбей аяққа тұсау болып, сырт көзден жасырын, бұрыннан бүркемеленіп келген құқық саласындағы қай органның да кемшін, осал тұстарын және кімнің де болсын қайтымы жоқ пайдасыз іс-әрекеттерін ашық көрсетіп, оны дер кезінде түзеуге мүмкіндік береді.

**Медет АЙМЕНОВ,**
**Қарағанды облысы кәмелетке толмағандардың істер жөніндегі №2 мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

# БІЛІМ және ТӘРБИЕ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

**2020-2021** ***оқу жылында Жезқазған қаласының жалпы білім беретін орта мектептеріне және мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау төмендегі тәртіппен жүргізіледі.***

2020-2021 оқу жылына оқушыларды мектепке қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 маусымдағы №264 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидасына» сәйкес жүргізіледі.

Мектепке құжаттарды қабылдау «электронды портал» арқылы және қағаз түрінде де жүргізіледі.

**1-сыныпқа қабылдау үшін ата-аналар немесе баланың заңды өкілдері төмендегідей құжаттарды ұсынуы қажет.**

– берілген қосымшаға сәйкес баланың ата-анасынан немесе заңды өкілінен мектеп басшысының атына өтініш;

– жеке бастарын растайтын құжаттардың түпнұсқасы (жеке бас куәлігі және баланың туу туралы куәлігінің түпнұсқалары – жеке бастарын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

– баланың денсаулық жағдайы туралы анықтамалары №063/у және №026/у-3 нысанда;

– баланың 2 данада 3х4 см өлшеміндегі фотосуреті.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау үшін педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысы қосымша беріледі.

Қазіргі карантин жағдайында медициналық анықтамаларды алу бойынша туындап жатқан қиындықтарға байланысты мектептерге қабылдау үшін тиісті құжаттарды тапсыру барысында медициналық анықтамаларсыз қабылдауға уақытша мүмкіндік беріледі. Медициналық анықтамаларды оқу жылы басталғанға дейін мүмкіндік болған кезде тапсыру міндеттеледі.

Egov.kz порталы арқылы құжаттарды жіберу барысында медициналық анықтамаларды өзіне байланысты емес себептер бойынша ұсына алмайтын азаматтар үшін аталған анықтамаларды кейін ұсынуға мүмкіндік беретін функция іске қосылды.

Мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметіне сәйкес «Индиго» электронды порталы арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, ата-аналар төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1) қабылдауға арналған жолдама (берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарамды);

2) ата-анасының немесе заңды өкілдерінің бірінің жеке басын куәландыратын құжаты (сәйкестендіру үшін);

3) баланың тууын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

4) нұсқаулықта қарастырылған нысан бойынша «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3

5) баланың денсаулығы туралы анықтама;

6) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін).

Қазіргі карантин жағдайына байланысты «Индиго» порталында «Ерте брондау» функциясы іске қосылды.

Осыған орай, ата-аналар порталдағы «Жеке кабинетте» қажетті балабақшаға орындарды ерте брондап, брон уақыты аяқталған соң жолдама мерзімін 1 айға дейін ұзарта алады. Карантин мезгілі аяқталған соң балабақша толық ашылған кезде баланың денсаулығы туралы құжаттарын ұсыну қажет.

**Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы**

# ЖАРЫҚТАНДЫРУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020 ДОРОЖНАЯ КАРТА ЗАНЯТОСТИ

***Жезқазған қаласында «Жұмыспен қамтудың жол картасын» дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі арқылы республикалық қазынадан бөлінген 1 млрд 850 млн 607 мың теңгеге 29 жоба жүзеге асырылады.***

Аталған бағдарлама аясында 390 адамды жұмысқа орналастыру көзделген, оның 195-і – жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген тұрғындар. Бүгінде жоспарланған 11 нысандағы жұмыстар толық аяқталып, айдың соңына дейін тағы 1 жоба тапсырылмақ. Сонымен бірге, жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа алынған 106 жұмыскер 11 нысанда әлі де жөндеу жұмыстарын жалғастырып жатыр. Қалған алты жобаны іске асыру алдағы айлардың еншісінде.

Мемлекеттік бағдарлама аясында сәтті жүзеге асырылған жобаларға келер болсақ, олардың басым көпшілігі энергия тиімді жарықтандыруды қамтамасыз етудің үлесінде. Энергия үнемдейтін шамдар Ғарышкерлер бақжолына, нақтырақ айтқанда «Nur Otan» партиясы ғимаратының алдына, Гагарин, Тимирязев пен Есенберлин көшелері және «Байқоңыр» қонақүйіне апарар жолға, сондай-ақ, 2, 4, 5, 6-шағын аудандарға орнатылды. Жезқазғанға қарасты ауылдардың да жарықтандыру мәселесіне ден қойылғанын да айтып кетпеске болмас. Кеңгір ауылының көше шамдары ауыстырылып, қосымша жарық бағандары орнатылды. Теректі стансасы мен Пристанционный елді-мекені де жарықтандырылды. Талап ауылындағы Бектепбергенов көшесіндегі ауызсу құбыры ауыстырылды. Бұл мақсатқа 5899000 теңге жұмсалды. Кеңгірдегі ауызсу және кәріз жүйелерін ағымдағы жөндеуден өткізуге 4599000 теңге көлемінде қаржы қарастырылды. Шілденің соңына дейін мердігер «Гиматс-Транс» ЖШС Жеңіс көшесіндегі апатты деп танылған 11-үйді бұзады. Келісімшартта көрсетілген сома – 7828800 теңге.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі таңда 11 нысанда жұмыстар қызу жүргізілуде. Ғарышкерлер көшесіндегі 21а-19 тұрғын үйдің ауласын абаттандыру жұмыстарына «Smart Invest Group» ЖШС мердігер ұйымы жауапты болса, 309957435 теңгеге «Казжилстроймонтаж» ЖШС көп қабатты тұрғын үйлердің төбесі мен қасбетін жөндеуде. Сондай-ақ, қаладағы үш субұрқақты жөндеу мен күтіп ұстау, контейнер алаңдарын жасақтау, 7,8 шағын аудандардың кәріз жүйелерін, Кеңгірдегі ауызсу желілерін жөндеу, Холмецкий көшесіндегі және ЖЭО-нан Қорғанбай селосына дейінгі ұзындығы 30 шақырымды құрайтын жолды орташа жөндеу, «Қазақстан» композициясының маңайын көріктендіру мен Талап саябағын қоршау жұмыстары өз деңгейінде, белгіленген кестеге сай жүргізіліп жатыр.

Тамыз айында 1 шағын ауданды және №3 жол өтпелінен Балқаш көшесіне дейінгі айналма жолды жарықтандыру қолға алынады. Сонымен бірге мердігер «Қ.Т.Мұқашев» 7056000 теңгеге Кеңгір ауылына балалар ойын алаңқайын орнатпақшы. Алаш алаңы мен 91 - орамнан Сәтбаев қаласы және Қарағанды-Жезқазған бағытына шыға берісті жарықтандыру да мемлекеттік бағдарламаның қолдауы арқылы жүзеге асырылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биыл ел аумағында жүзеге асырылып жатқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 255 мың жұмыс орны құрылмақ. Бүгінде жол картасына кірген 6,5 мың жобаның 5,3 мыңы басталып, 103 мың жұмыс орны ашылды. Аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде мысты өлкеде 38 жоба қолға алынып, 1042 жұмыс орнын ашылады деп күтілуде. 550 жұмыс орны жұмыссыз жезқазғандықтарға арналады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**





19 ШІЛДЕ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

***Еліміздің түсті металлургиясының даңқын шығарып, жарты ғасырдан бері сапалы мыс өндіріп келе жатқан Жезқазған мыс қорыту зауыты кезінде оңайлықпен бой көтерген жоқ. «Басқа өңірдегі зауытты пайдаланған тиімді» деген пікірлер белең алып, үлкен қиындықтар мен кедергілерді еңсерген соң барып әрең салынған болатын. Оның құрылысы мен технологиялық жобалау істеріне жергілікті инженер-металлургтер де білек сыбанып, белсене атсалысты. Солардың қатарында Жезқазған кен-металлургия комбинатының бас металлургі болып жүрген жерінен арнайы осында жіберілген Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген металлургі, бүгінде «Қазақмыс» корпорациясының құрметті ардагері болып отырған Нығмет Ильясовқа айрықша жауапты міндеттер жүктелген-тін. Болашақ зауыттың өндірістік-техникалық бөлімін басқаруға жіберілген Нығмет аға зауыттың алғашқы директоры Игнатий Лимен бірге жобалық жұмыстарды тиянақтаудан бастап, өндірісті іске қосуға дейінгі шұғыл шаралардың барлығын қолынан өткерді. Алып құрылыстың басынан аяғына дейін қатысқан ол барлық жұмыстардың белортасында жүрді. Зауыттың мысэлектролиттік өндірісінің жобасын жасағаны және құрылысқа қатысқандары үшін 1973 жылдың тамыз айында 6 адамға КСРО Министрлер Кеңесінің лауреаты атағы мен сыйлығы берілді. Солардың бірі осы Нығмет ИЛЬЯСҰЛЫ болатын.***

# ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БЕЛОРТАСЫНДА БОЛҒАН



Нығмет аға Ақтөбе облысының қазіргі Темір ауданындағы Жағабұлақ ауылында туып-өскен еді. Интернат-пансионатта жатып орта мектепті Ақтөбе қаласынан бітірді. Ол оқу үздігі ретінде Мәскеу мен Ленинград жоғары оқу орындарынан болашақ абитуриенттерді іріктеуге келген комиссия мүшелерінің назарына түсіп, оқуға шақырылды. Жүрек қалауымен Плеханов атындағы Ленинград тау-кен институтын таңдады. Түсті және асыл металдар металлургиясы мамандығы бойынша 1954 жылы инстиутты ойдағыдай бітірген ол КСРО Түсті металлургия министрлігінің жолдамасымен Қарсақбай мыс қорыту зауытына жіберілді. Бұрын көріп-білмеген өңірге өзімен бірге мектепте де, институтта да бірге оқыған Нұртілеу Жүнісовпен бірге келуі көңілге сенім мен қуаныш ұялатты. Сондай-ақ, жоғары білім алған жас мамандар Қазақстанның түпкір-түпкірінен осында келіп шоғырлана бастағанын көрді. Нығмет мұндағы еңбек жолын шарпу пешінің балқытушысы болып бастады. Бұлар институтта оқып жүргендерінде: «Жезқазғанда болашақта қуатты жаңа мыс зауыты салынады» дегенді естіді екен. Көңіл төрінде әуелі Қарсақбайда біраз жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған соң жаңа зауытқа бару туралы бекем шешім мен асыл арман орныққаны да жасырын емес. Осы мақсатта жұмысына зор ынтамен кіріскен Нығмет Ильясұлы мыс балқытудың сырына қаныға жүріп металлургия цехының ауысым шебері, аға инженер, одан кейін зауыттың зерттеу бөлімінің бастығы, өндірістік-техникалық бөлімінің басшысы сияқты қызметтерді ойдағыдай атқарды. Технологиясы ескі, мұржасы аласа зауытты жетілдіру жолында инженер мамандармен бірлесіп бірталай шараларды жүзеге асырды. Соның нәтижесінде өндірістің өнімділігі артып, зауыт 1960 жылдары 36 мың тоннаға дейін қара мыс бере бастапты.

Қашанда қарапайым қалпынан таймайтын Нығмет аға сұхбат барысында: «Мен туралы айтқаннан гөрі, Жезқазған мыс қорыту зауытының салыну жолдары туралы жазған дұрысырақ болар» деді ақырын жымиып. Иә, ардагердің тура жарты ғасыр ғұмыры осы мыс өндірісінің қалыптасып, өсіп-өркендеу жолымен тығыз байланысты екенін білеміз. Ол Қарсақбайдан 1961 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатының бас металлургі қызметіне ауысты. Ол кезеңде бірен-саран зерттеу жұмыстарының жүргізілгені болмаса, жаңа зауытты салудың жоспары әлі нақтыланбаған болатын. Үлкен жобаны жүзеге асыру төңірегінде жоғары жақта айтыс-тартыс өріс алып, нақты бір тоқтамға келмесе керек. Олар біресе «Жезқазғанда зауыт салу қажет емес, Балқаштағы жұмыс істеп тұрған зауытты жетілдіріп, кеңейтсе бүкіл өндірілген шикізатты сонда жеткізіп қорытуға болады» деген пікірлерін алға тартса, соңында «ескі зауытты жаңғыртудың шығыны көп» деген тоқтамға келеді. Енді «екеуінің де керегі жоқ, Өзбекстанда салынып жатқан Алмалық мыс қорыту зауыты осы өңірден де концентратты қабылдап, мыс өндіре алады» деген пікір белең ала бастаған-тын. Осындай әрі тартбері тартпен жүргенде 3-4 жыл өте шығады. Ақыры бұл іске Қазқстанның сол кездегі басшысы Дінмұхамед Қонаевтың араласуымен нүкте қойылады. Комбинат директоры, Социалистік Еңбек ері Виктор Гурбаның бұл мәселемен жан-жақты айналысуының да оң шешім қабылдануына зор ықпалы болды.

– Тікелей Димекеңнің күшімен, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің шешімімен 1965 жылы Жезқазған мыс зауытының құрылысын жоспарлау жұмыстары басталды. Зауытты жоспарлағанда Мәскеудің «Гипроцветмет» институты оншақты жобаны ұсынды. Ең қолайлысы – электрмен балқыту технологиясы болды. Өйткені, біздің кен шикізаттарында кремний көп, металл аз. Мамандармен бірлесе талқылап, осы тоқтамға келдік. Көптен күткен жаңа зауыттың құрылысы 1966 жылдың күз айында басталды. 1968 жылдың көктемінде салынып жатқан зауыттың дирекциясы құрылды. Директоры болып металлургия саласының білікті маманы марқұм Игнатий Ли тағайындалды. Маған зауыттың өндірістік-технологиялық бөлімін басқару жүктеліп, құрылыстың тікелей басы-қасында болуға тура келді. Зауытты салудан бастап, оны іске қосу және технологиясын игеру мен өндірістік қуатына жеткізуге дейінгі қыруар жұмыстың белортасында болдық. Барлығының жоспар мен жобаға сай болуын директормен бірлесіп қадағалап, кемшілік пен ақау кетіп бара жатса дереу түзеткізіп отырдық. Жаңа технология бойынша жұмыс істейтін мамандар ол кезде Жезқазғанда жоқ еді. Сондықтан, болашақ зауытта жұмыс істейтін жұмысшылар мен мамандарды алдын ала дайындауға көңіл бөлініп, одақта жұмыс істеп тұрған Норильск комбинатына, злектрогаз жүйесін игеру үшін Пышмаға, конверторшыларды Балқашқа жіберіп отырдық. Олар бес-алты айдан бір жылға дейінгі мерзімде сол жақтардан үйреніп, тәжірибе жинақтап келетін. Зауыттың бірінші кезеңі электролиз цехы іске қосылған 1971 жылдан басталса, екінші-үшінші кезеңдері 1973 жылға дейін жалғасты. Ал, 1973 жылы балқыту цехының бірінші кезеңі, 1974 жылы екінші кезеңі іске қосылды. Одан кейінгі екі-үш жылдың ішінде күкірт қышқылы цехы қатарға қосылып, 1978 жылға қарай зауыт толық қуатына көшті. Әлемге танылған таза мыс алуға қол жеткізілді – дейді ардагер ағамыз өткен кезеңді еске алып.

Нығмет Ильясұлының бұдан кейінгі қызмет жолдары да зауыттың өндірістік тынысына араласудан алыс кеткен жоқ. «Жезқазғантүстімет» ҒӨБ-нің бас металлургі болып ауысқан 1975 жылдан 1992 жылға дейінгі кезеңде де ол мыс өндіруге қатысты үдерістерге тікелей араласып жүрді. Тиісті жауапкершілік жүгін ойдағыдай көтере білді. Бұдан әрі Ғылыми-өндірістік бірлестік техникалық директорының орынбасары-қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы қызметіне келген соң қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға қатысты біраз шаруаның басын қайырды. Табиғат қорғау шараларымен түбегейлі айналысуына тура келді. Солардың қатарында Кеңгір су қоймасын зиянды қалдықтармен ластайтын байыту фабрикасының ескі қалдық қоймасына залалсыздандыру мақсатында рекультивация жүргізілді. Кеңгір өзенінің арнасы тазартылды. Басқа да ауқымды істерге ұйтқы бола білді. Нығмет аға зейнетке шыққаннан кейін де қарап отыра алған жоқ. Көп жыл қоғамдық жұмыстармен белсене айналысып, 2007-2015 жылдары «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Еңбек ардагерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына көмек жасауды назардан шығарған жоқ. Ол Жезқазған қаласының Құрметті азаматы ретінде қаланың қоғамдық шараларынан да шет қалған емес.

Көргені көп көшелі ақсақалды соңынан ерген ізбасарлары, жалпы металлургтер қауымы сыйлап, айтарлықтай құрмет тұтады. Зауыт құрылысының бастауында тұрған жан деп таниды. Елімізге еңбегін сіңірген металлург, өндіріс ардагері үшін мұның барлығы көңіл көкжиегін кеңейтер үлкен мерей екені даусыз. Арамыздағы осындай өнегесі кең, өресі кемел ақсақалдарымыз аман болсын!

**Амандық РАХҰЛЫ**

## МІНБЕР

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық телеарналар арқылы елімізде қалыптасқан ахуалға байланысты телевизиялық үндеу жасады. Ол қазақстандықтарды екі аптаға белгіленген карантин шараларын қатаң сақтап, саналы түрде әрекет етуге шақырды. Бұл – аса қажетті шешім.***

Еліміздің ең үлкен байлығы – адам. Адамнын байлығы – денсаулык, оның өмірі. Әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жанашырлықпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене. Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Ал қауіпті дертті жеңетін – бірлік пен тәртіп. Ия, қазіргі жағдай бәрімізге ортақ ауыртпалық. Оны бірлескенде ғана, ортақ мүддеге күш біріктіргенде ғана жеңе алатынымыз анық.

# САНАЛЫ ӘРЕКЕТ – САУЛЫҚ КЕПІЛІ

Осындай ауыр күнде ел мен жердің игілігі үшін еңкейген кәріден еңбектеген сәбиге дейін ортақ міндетке үлес қосып, жарияланған карантинге сәйкес жөнсіз жүрісті тыюы керек деп білеміз. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген қазыналы қарттардың орны ерекше. Орны – төр, қатары – алдыңғы сапта. Біздің халқымыздың ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу, құрмет көрсету. Бұл – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қаламыздың, аймағымыздың, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне, өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқан ардақты қарттарымыздың сөзін жерге тастамассыздар. Тәуелсіздік дегенде, алдымен, ардагерлер ойға оралады. Бейбітшілік үшін жан алысып, жан беріскен олар – бүгін бір-бір үйдің аталары. Қазіргі қоғамның бетке ұстар тұлғалары.

Сол тау тұлғаларды бір шаңырақ астына біріктірген қалалақ ардагерлер кеңесі – Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің басын қосатын үлкен ұйым. От пен оқты көріп, небір «тар жолтайғақ кешулерден» өткен біздің ардагерлер қоғамда болып жатқан оқиғаларды қалт жібермей, олар қалада ұйымдастырған маңызды шараларға белсенді қатысады. Қазір қоғамда болып жатқан оқиғаларды қалт жібермейміз. Біз өңірдегі жағдайды ерекше бақылауында ұстайтын боламыз. Батыр бабалардың жолын жалғаған бүгінгі ұрпақ та қазіргі қиындыққа төтеп береді деп сенеміз. Бәлкім, бұл біздің бірлігімізді байқау үшін берілген сынақ шығар. Бұл үндеуге біз Жезқазған қаласының ардагерлер кеңесі мен «Қызмет» Жезқазған аймақтық мемлекеттік мекемелер кәсіподағы бірлесіп, шынайы ниетімізбен сындарлы кезеңде жұдырықтай жұмылып, бірлесе қадам басу керектігін ұғындырғымыз келеді.

Біздің ауызбірлігіміз, тығыз ынтымақтастықтың нығайту тұғырында тұр. Президентіміздің үндеуіне өз қолдауымызды білдіре отырып, біз, жағдайды арттыруға бағытталған жарқын болашағы жолында ортақ күш-жігермен игі мақсатқа қол жеткіземіз! Елдің аузы ала болса, айтқаны бір жерден шықпаса, жұрты көсемінің соңынан ермесе, әр үй өз ынтымағын қызғыштай қорғамаса, бірлігі кетіп, берекесі тозған ел содан шығады. Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді. Ынтымақ болмай іс оңбас. Соны ұмытпайық, бауырлар! Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін **қатаң сақтауға** шақырамыз. Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекетінде. Амандығымыз үшін күресейік! Топтанып ұшқан торғайға, тұрымтай да бата алмас. Ережелерді ескергенде ғана нәтиже болмақ. **Басты міндет – карантин ережелерін қатаң сақтау**! Жүсіп Баласағұн атамыз: «Сабыр етсең – ісің оңға асады, шүкір қылсаң – жамандық та қашады», – деген екен. Сабыр сақтайық! Сабыр – ақыл серігі!

Қала ардагерлері мен «Қызмет» Жезқазған аймақтық мемлекеттік мекемелер кәсіподағы атынан:

**Рахым АРЫСТАНБАЕВ – ардагерлер кеңесі атқару комитетінің мүшесі, Жезқазған қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі**
**Валентин КУПРИЯНОВ – ардагерлер кеңесі атқару комитетінің мүшесі, Жезқазған қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі,**
**Айып БАЙҚАСЫНОВ – Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы,**
**Қаташ ҰЛДАНОВ – ардагерлер кеңесі Атқару комитетінің мүшесі,**
**Лариса БУТИНА – Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы,**
**Валентина ПРЕДЕИНА– Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары,**
**Оразбай АРЫСТАНБАЕВ – Кеңгір ауылының бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы,**
**Виктор НОВОМЛИНЦЕВ – қалалық ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі,**
**Раушан ҚОЖАБАЕВА – «Қызмет» Жезқазған аймақтық мемлекеттік мекемелер кәсіподағының төрайымы.**

175

***Бұрын да, кеңес дәуірі кезінде де барша сыншылардың бірінші ұстазы орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский саналып келді. Белинский сындарын оқымаған, одан үлгі алмаған сыншы болған жоқ. Ал қазақ әдебиетінде сын атасы, бірінші сыншы кім? Сынымыз қай кезден нақты, кімнен бастау алады? М. Қаратаевты «Қазақтың Белинскийі» санап, ұстаз тұттық. Олай болса, қазақ әдебиеті сынының атасы Қаратаев болғаны ма? Әрине, жоқ.***

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҚАЗАҚ ҚДЕБИЕТІ СЫНЫНЫҚ АТАСЫ



Осы сұраққа жауап іздей келе, бұл орынға, яғни «қазақ әдебиеті сынының атасы» деген атаққа отыруға тек Абай ғана лайық екеніне оның шығармашылығын зерделей отырып көз жеткіздім.

*Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,*
*Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.*
*Әттең, дүние-ай, сөз танир кісі болса,*
*Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау!* – деген жалғыз ауыз жыр шумағының өзі мұның нағыз сыншы қаламынан туғанын көрсетіп тұр. «Абайды қайта оқыған сайын жаңа оқығандай боласың» деген сөз әбден дұрыс айтылған. Зерделеп оқығанда, Абайды әдебиет сыншысы қырынан анық тани бастайсың.

Рас, Абай ұлы ақынымыз, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы деп білеміз. Бірақ Бұхар жырау ұлылығы да Абайдан кем соғып жатқан жоқ. Оны «Жыраулар атасы» деп танимыз. Бұхар жырау деген жалғыз атының өзі асқар таудай. Сол Бұхар жырау жырларына Абай ауыр сын айтады. Және сол сынына Дулат пен Шортанбайды да қосақтап жібереді.

Әдебиет сыны жазба әдебиетке тән. Халықтың ауыз әдебиетінде нағыз сын болмаған, тек оның элементтері ғана болған. Айтыс ақындары айтыс үстінде бір-бірін сынағанда жеке бастарының немесе ауыл мен рудың белгілі адамдарының кемшіліктерін көрсеткен. Балта ақын Шөжемен айтысында оны қу соқыр дей беріпті. Сонда ыза болған Шөже Алшынбайдың парақорлығын, Құнанбайдың соқырлығын айтып салған. Ал «сенің өлеңің нашар, ұйқасуы олақ, көркемдігі кем» деп қарсыласының жырына тиісіп, сын айтып, мін тағу сирек ұшырасады. Арғы-бергі ақындардың өлеңдеріне сын айтуды Абайдан көреміз. Оның, әсіресе, Бұхар жырауға айтқан сыны өте қатал, тым ащы, артықтау екен дейсің. Қабылдағың келмейді. Бірақ Абай кімге айтса да бейне сот үкімін оқып тұрғандай қатал айтады.

Отыз жетінші қара сөзінде «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» деп алдымен өзімшілдерді өлтіре сынап алады да, келесі кезекте сын садағын барша жұртқа кезеп жебесін аямай-ақ тартып жібереді. «Сократқа у ішкізген, Жанна Д-Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал», дейді ашынып. Осы өткір сын, осы аяусыз айыптаудан қылдай қиянат таба аласыз ба? Жоқ, басаяғы бірер сөйлемдегі жойқын ой логикасына, сөз жүйесіне, тіл құдіретіне, сын дәлелдемесіне еріксіз таңғалып, таңдай қағасыз. Сократқа у ішкізіп, Ғайсаны тақтайға керіп шегелеп өлтірген көптің атына қандай сын айтса да сыяды емес пе. Көпке сондай сын айтқан Абайдың, Бұхар жыраудың жырларын қатты сынағанына түсіністікпен қарай бастайсың.

Ұлы сыншы Белинский патшалы Ресейдегі крепостниктік правоны қалай сынап, оны жоюға шақырса, Абай да сұрқия би-болыстар мен қиянатшыл сараң байларды, қоғамдағы әділетсіздіктерді, қазақ қанындағы кесапатты қылықтарды, зиянды әдеттерді аяусыз сынап өтті.

Жалпы, нағыз әдебиет сыншысы, азамат сыншы – қоғам мен қоғамдағы кеселдердің де сыншысы. Оған ұлы орыс сыншылары Белинский мен Чернышевскийдің және Добролюбовтың күрескерлік өмірлері, сыншылық шығармалары дәлел.

Абай да солар сияқты тумысынан сыншы, қоғам қайраткері болып жаратылған жан. Нағыз азамат сыншыға қойылар талапты терең түсініп, сыншылық міндетіне адал болып өткен адам. Абай сыны – күйініп отырып сын жазудың ерен үлгісі. Қазақты Абайдан сөз асырып сынаған ешкім болмаған. «Қырық бірінші» сөзінде: «Қазақты иә қорқытпай, иә параламай ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін емес», деп жазған ғой.

*...Өзім жалғыз надан көп,*
*Ұқтырасың сен не деп,*
*Әулекі арсыз елге енді?*

*...Адам деген даңқым бар,*
*Адам қылмас халқым бар.*
*Өтірік пен өсекке,*

*Бәйге атындай аңқылдар...*
*Атымды адам қойған соң,*
*Қайтып надан болайын?*
*Халқым надан болған соң,*
*Қайда барып оңайын.*

Осынау келтірілген үзінді шумақтардан Абайдың өз елін, туған халқын қалай күйініп, көкірегі қалай қарс айырылып, өкініштен өзегі өртеніп отырып сынап жазғаны аңғарылады.

Абайдың халықты сынауы – қоғамды сынауы. Өйткені қай халықтың да басындағы трагедиялар мен кеселді қасиеттер, жағымсыз қылықтар өз-өзінен емес, қоғамдық құрылыстың кесапатты кемшіліктерінің зардаптары салдарынан пайда болады.

Енді Абайдың қоғамдық саяси сынынан әдебиет сыншылығына оралсақ, Абай айналасында бүтіндей бір ақындар мен әдебиетшілер мектебі болғаны белгілі. Өзінің ақын балалары Ақылбай мен Мағауия, немере інісі Шәкәрім мен үзеңгілес серігі әрі досы Көкбай, Әріп Тәңірбергенов, олардан басқа да ақындар, әңгімешілер, ертекшілер, әншілер, жыршылар Абай мектебінен өткен. Абай оларға үнемі ұстаздық етіп, ақындық қабілет таланттарын ұштап, тәрбиелеп өлең жаздырып, жырлауға тақырыптар беріп талаптандырып отырған. Жазған, шығарған өлең-жырларының тиісті бағасын беріп, жақсысын мадақтап, нашарын сынап, нұсқа жол көрсеткен. Жақсы өлеңнің қандай болатынын, оның қадір-қасиетін, адам өмірінде өлеңнің алар орны мен атқарар рөлін жан-жақты ашып берген.

Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өзіндік асыл ойларын, қояр талап-концепциясын жайып салатын жырлары осы ұстаздық жылдары жазылғаны айқын. Мысалы:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,*
*Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.*
*Көкірегі сезімді, тілі орамды,*
*Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,* – деген жыр жолдары ұстаз Абайдың мақсатын айқын танытып тұр. Ұлы ақын өлең сүйетін ізбасар шәкірттерімен, талапкер жас ақындармен сабақ мәслихаттарында өзі айтқандай сөз патшасы – өлең туралы ұлағатты ақылкеңестер айтып, дәріс берген. Онда өзіне дейінгі ақындар мен жыраулардың поэзиясына талдау жасап, кемшіліктерін ашып көрсетіп отырғаны анық. Дулат, Шортанбай, Бұхар жырау жырларына сын айтатыны да осы кезде болса керек. Абай дәрісті қара сөзбен де, өлеңмен де айтқан. Бізге жеткен жоғарыдағы жырлар – сол өлеңмен айтылған дәрістер екені хақ. Ал қара сөзбен айтқан дәрістерін қағазға түсірмеген.

Абайдың өзіміз жаттап өскен «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» атты әйгілі өлеңі ақын туралы, өлең туралы тыңдаушы оқырман туралы, өлең мен ақынға қойылар биік талап туралы жазылған аса маңызды сыни еңбек. Бұл жырдан біз Абайдың поэзияға деген биік эстетикалық көзқарасын көреміз, оған қояр қатал талабын танимыз.

«Өлең – сөздің патшасы» деп анықтама беруінің өзі Белинскийдің «Поэзия – искусствоның жоғарғы тегі» деген сөзімен үндесіп, тең түсіп, тіпті асып түсіп жатыр. Өлеңге «Сөздің патшасы» дегеннен артық анықтама да, баға да табу мүмкін емес.

*Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,*
*Қиыннан қиыстырар ер данасы.*
*Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,*
*Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы!*

Міне, өлеңге қояр сыншы Абайдың талабы. Өлең оқығанда тіл күрмелмейтіндей жатық, жүрекке, жанға самал желдей жайлы да жылы тиіп, ұйқастары жұмыр тастай болсын дейді. Сонда ғана ол нағыз өлең болмақ.

*...Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,*
*Ол – ақынның білімсіз бейшарасы!*

Бұл енді аса қатал сыншының ғана айта алар сөзі. Абай өлеңдегі бөтен сөз өлеңнің құнын кемітеді деп бүгінгі сыншылардай сыпайылап жатпайды, «былғайды» дейді және «ол – ақынның білімсіз бейшарасы» деп, аса қатал үкім айтады. Абайдың бөтен сөз деп отырғаны – қазіргі ақындардың да өлеңдерінде, тіпті, өте көп кездесетін логикалық қисынсыз ой, жүйесіз сөз бен ұйқас, бірді айтып, бірге лағып кету, түсініксіз тіркестер.

Белинский әйгілі «Гогольге хатында»: «Сізге тіл тигізетініме өкінбеймін. Бұл арада сіздің, ия менің қара басымыз ғана сөз болып отырған жоқ» деп жазған ғой. Белинский сияқты Абай да бөтен сөзбен өлең былғаған ақынға қырандай шүйлігіп, тіпті арына тиіп, тіл тигізіп айтады. Өйткені әңгіме сөз патшасы – өлең туралы болып отыр. Сол өлеңді Абай шыр-пыры шығып, қызғыштай қориды.

Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деп басталатын өлеңін «Аттың сыны» деп жүрміз. Бірақ Абайдың өлең туралы әйгілі осы өлеңін «Өлең сыны» деу еске келмей жүр, солай деп оқытылмай жүр. Шынында да, бұл – өлеңмен жазылған өлең сыны.

*Өлеңге әркімнің де бар таласы,*
*Сонда да солардың бар таңдамасы.*

*Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,*
*Қазақтың келістірер қай баласы!*

Жадымызда жатталып қалған осы шумаққа жақсы жазылған жыр деп қана қарап келдік. Ал, шынында, Абай бұл жерде «шығарған сөз емес, қай әңгіме үшін» деп өзі жазғандай, өлең тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін көркем сөзді болумен бірге, сыртқы сұлулығына ішкі мазмұны сай, яғни айтар салмақты ойы, сары алтындай маңызы болсын деп отыр. Және сондай өлеңді ақынның ақыны, ақылды туған ер данасы ғана қиыннан қиыстыра алады дейді.

Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» жырын мен өлең сыны ғана емес, өлеңнің теориясы да дер едім. Абайдың «іші алтын» деп отырғаны, бүгінгі біз айтып сабақ беріп жүрген, әдебиет теориясындағы теңеу, эпитет, балау сияқты көркемдік кестелері. «Сырты күмісі» дегені - ұйқастары. Міне, соларды ол өлеңде бірер сөзбен тұжырымдап, қалғанын қара сөзбен айтып түсіндіріп отырғаны анық.

Абай осы өлең сынында өлеңді түсінбейтін көкірегі көр адамдарға да шүйлігіп ашулы тіл қатады.

*Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,*
*Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.*

Осынау жолдар бұдан бір ғасыр бұрын айтылған, бірақ қазіргі ахуалды да дәл айтып тұр. Қазір өлеңді түсінбек тұрмақ оқымайтындар көп. Газеттер мен журналдарға өлең қардай жауып жатады. Кезінде тәртіп қатал болды, солардың әрқайсысына жауап жазып шаршап мұрнымыздан шаншылатынбыз. Бүгінде редакциялар жауап беруден құтылды. Абай сөз танымас деп, қара сөзді емес, өлең түсінбейтіндерді меңзеп отыр. Бүгінде де сол өлең түсінбейтіндер өлең жазып, біразы ақын атанып жүргенін көруге болады.

Бас-аяғы он бес шумақ «Өлең сынында» Абай ақындарды, көр-жерді өлең қылған нашар жырлары үшін ғана сынап қоймайды, өлеңді қасиетті өнер деп құндап, төбесіне көтеріп жүру орнына оны мал табу құралына айналдырып жүргендері үшін де ауыр айыптайды.

Сыншы Абайдың поэзия жөніндегі эстетикалық терең ойлары, талғам-талаптары, асыл армандары, көзқарастары, міне, осындай. «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» деп Абай ғұмыр бойы туған халқының көзі ашылып, оянып, өлең қадірін, сөз қадірін білетін, түсінетін дәрежеге жетуін аңсап, армандап өтті. Қорытып айтқанда, Абайдың сыншылдығы негізінен үш салада көрінеді. Бірінші – әлеумет өміріне, заманға, қоғамға байланысты айтылған сындары. Екінші – әдебиетке, өнерге және ғылымға қатысты сыни пікірлері.

Үшіншісі – жеке адамдардың мінез құлқындағы сан түрлі жағымсыз, тіпті, кесапатты қылықтарды қатал сынап әшкерелеуі.

Бұлардың ішінде бізге көбірек қатыстысы Абайдың әдебиет пен өнер туралы айтқан сыни пікірлері. Абай өлең өнерінен кейін саз-әуез өнеріне, яғни әнге айрықша мән беріп, ол туралы да бірнеше өлеңмен пікір айтып кеткен. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңінде:

*...Әннің де естісі бар, есері бар,*
*Тыңдаушының құлағын кесері бар.*
*Ақылдының сөзіндей ойлы күйлер,*
*Тыңдағанда көңілдің өсері бар...* –

деп әннің адам жанына, оның көңіл күйіне тигізер әсерін, бірде мұңға батырса, бірде қуаныш шаттыққа бөлер құдіретін жырлап паш етеді. Екінші бір өлеңінде:

*Құлақтан кіріп бойды алар,*
*Әсем ән мен тәтті күй.*
*Көңілге түрлі ой салар,*
*Әнді сүйсең, менше сүй,* – деп толғайды. Абайдың ән өнері жайындағы сыни пікірлері де бүгінде өзектілігін жойған жоқ. Даңғыра-дұңғыра күшейткіш аппараттардың қолдауымен тыңдаушының құлақ құрышын қандырмақ түгіл, дабыл жарғағын жарып жіберердей тым көбейіп кеткен қазіргі есер әндер еске түседі. Абай оларға «құлақ кесер әндер» деп анықтама беріп кеткен.

Түйіндей келгенде, Абай – бұрынғы да, қазіргі де қазақ әдебиеті сынының атасы! Солай деп тұжырымдап, әдебиет сыншылығы қырынан қайта танып, қазақ әдебиеті сыны тарихына енгізетін уақыт жетті.

**Жұма-Назар СОМЖҮРЕК,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**
«Egemen Qazaqstan» газеті

## 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ



### МЕДИА ТУРАЛЫ КІТАП АУДАРЫЛДЫ

***Медиаға мінсіз мәтін жазу қағидаларымен таныстыратын кітап жарыққа шықты. «Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу» (Writing for Television, Radio, and New Media) – сценарий жазу шеберлігімен таныстыратын еңбек.***

«100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақ тіліне 11-басылымы аударылып басылды. «Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу» оқулығының жарыққа шыққанына биыл 58 жыл толды.

Авторы – Роберт Л. Хиллиард. Медиадағы қызметі спорт тілшісі ретінде басталған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін радиода сценарист-диктор, телевизияда сценарист-режиссер болған.

Кітап туралы

1. Оқырманға түсінікті әрі жеңіл тілмен жазылған;

2. Телевизия мен радио сценарийлерінің айырмашылығын, онлайн медиа мен әлеуметтік медиа мәтіндерінің ерекшелігін түсіндіреді;

3. Медиаға мәтін жазу қағидаларын үйретеді;

4. Студенттерді сценарий жазудың негізгі принциптеріне, әдіс-тәсілдеріне баулиды;

5. Камера ракурсы, пландардың қойылуы, композициялық шешім, кейіпкер, монтаж, дыбысты ойнату сынды дүниелердің алғышарттарымен таныстырады;

6. Нәсілдік және этностық топтарға, әйелдер мен балаларға және түрлі өмір салтын ұстанатын адамдарға арнап сценарий жазуға қатысты ұсыныстар да қамтылған.

Аудармашылар: Арайлым Шералы – әлеуметтік ғылымдар магистрі; Әлия Тілеужанқызы – әлеуметтік ғылымдар магистрі; Талғат Жолдасұлы – тарих ғылымы магистрі; Дәурен Дариябек – әдеби редактор, журналист, дінтану бойынша философия докторы (PhD); Мұхтар Сеңгірбай – ғылыми редактор, саясаттану бойынша философия докторы (PhD).

Кітап медиа саласына қызығатын оқырман үшін пайдалы болмақ.

### САЯСАТ ФИЛОСОФИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ ЕҢБЕК



***Танымал философ ғалым Джонатан Уолфтың «Саясат философиясына кіріспе» (An Introduction to Political philosophy) деп аталатын еңбегі тұңғыш рет қазақ тіліне аударылды.***

**Кітапта қозғалған тақырыптар:**

1. Автор адамзатты ежелден алаңдатқан, қазіргі кезде де өзектілігін жоғалтпаған саяси ғылымдардың негізгі ұғымдарын қарастырады;

2. Платон, Аристотельдерден бастап Гоббс, Локк, Руссо, Бентам, Юм, Милль, Ролз және Нозик сияқты қазіргі заман ойшылдарының көзқарастары мен тұжырымдары қатар талданады.

**Кітаптағы әрбір тарау нақты бір мәселені немесе қайшылықтарға толы жайтты талқылауға арналған:**

1. Мемлекет жоқ «табиғи күйде» жағдай қандай болады? Өмір адам төзгісіз бола ма?

2. Мемлекеттің қол астындағы өмір табиғи күйге қарағанда тиімдірек деген пікірді қабылдадық делік. Бұл біздің мемлекет шығарған заңдарға бағынуға моральдық міндетіміздің бар екенін көрсете ме?

3. Мемлекет құрылымы мен жұмысын қалай ұйымдастыруымыз керек? Ол демократиялық болуға тиіс пе?

4. Мемлекеттің қолындағы билік қай деңгейде болуы керек? Немесе азаматтарға қандай дәрежеде еркіндік берілуі тиіс?

5. Еркіндік пен әділдік орнату мақсатында экономикалық іс-қимылдарға қойылған шектеулердің негізі бар ма?

Кітаптың қазақ тіліндегі басылымын әзірлеген шығармашылық топ

Аудармашы: Дамира Сиқымбаева, саясаттану бойынша философия докторы (PhD);

Ғылыми редакторлар: Әсет Абайұлы Құранбек, философия ғылымдарының кандидаты; Нұрлан Әкімбайұлы Муминов, саясаттану және халықаралық қатынастар бойынша философия докторы (PhD); Нәзира Әбдіманапқызы Сәрсек, әдеби редактор, түркітану бойынша философия докторы (PhD).

Кітап студенттерге арналған академиялық зерттеу ғана емес, саяси ой кеңістігіне саяхат жасауды қалайтындарға да пайдалы болатын еңбек.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

### КИНО ӨНЕРІНЕН СЫР ШЕРТЕДІ



***Томас Эльзессер мен Мальте Хагенердің «Кино теориясы. Сезім тұрғысынан кіріспе» деп аталатын еңбегі «100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақ тіліне аударылды.***

**Кітапта қарастырылған мәселелер:**

1. Кітапта кино теориясына тарихи шолу жасалған.

2. Авторлар киноны қабылдау мен тән арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан зерттеген.

3. Көрермен мен экран арасындағы байланыстың «сыртқы» ықпалдан біртіндеп «ішкі» әсерге ауысатын жеті түрлі ерекшелігін түсіндіреді;

4. Модернистік және неореалистік теориялардан бастап психоаналитикалық, «аппараттық», феноменологиялық және когнитивтік теорияларға дейінгі маңызды кезеңдерді қамтиды;

5. Философия мен неврология тоғысында пайда болған жаңа теориялар да ұмыт қалмаған;

6. Цифрлық дәуірдегі кинематографиялық тәжірибені зерттеу жолдары көрсетіледі.

Кітаптың қазақ тіліндегі басылымын әзірлеген шығармашылық топ

Аудармашылар:

1. Гүлжаһан Жолдасбаева; Мұхит Төлеген, дінтану бойынша философия докторы (PhD); Дана Әмірбекова, өнертану магистрі, кинотанушы; Әдина Жүсіпова, әдеби редактор, журналист, Ұлттық аударма бюросының редакторы; Баубек Нөгербек, ғылыми редактор, кинотанушы, өнертану бойынша философия докторы (PhD).

Кітап гуманитарлық оқу орындарының студенттеріне, сала мамандары мен кино теориясына қызығатын оқырманға арналған.

1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы

***Әбу Насыр әл-Фараби – адамзат біліміндегі көптеген салада терең ізін қалдырған ортағасырлық ұлы ойшыл саңлақтар тобындағы көрнекті өкілдердің бірі. Әлемдік мәдениет тарихында ол Шығыс Аристотелі әрі ортағасыр әлеміне табиғатты, адамзаттық қоғам мен адам жанын зерттеудің құпия пердесін ашушы Ұстаз ретінде танымал.***

# ӘЛ-ФАРАБИДІ ТАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби Қорасан өлкесінен Бағдат шаһарына келіп, Әбу Башир Матта ибн Юнустің жетекшілігімен философия мен логика саласына ден қояды.

Әл-Фараби Харран шаһарының христиан философы Юхан ибн Хайланның еңбектерімен де таныс еді. Ол Бағдат шаһарында Аристотель еңбектерімен шұғылданып, оны жетік меңгерген маманға айналды.

Әл-Фарабидің еңбектері артып, танымал болған шағында әмірші Сәйф әд-Дәулә Әбу әл-Хасан Әли ибн Абдулла ибн Хамдан әт-Тағлаби оны Дамаск шаһарына шақыртып, құрмет көрсетеді. Оған өзінің сарайынан қызмет береді.

Ибн Әбу Усайб‘а (288 хижра жылында дүние салған) өзінің «‘уиюн әл-әнба’ фи табақат әл-этибба’» атты кітабында кейбір ғалымдардың қолжазбаларында әл-Фараби Египетке 337 хижра жылында кетіп, кейін Дамаскіге оралған. Сөйтіп Сәйф әд-Дәулә дәуірінде, 339 хижра жылы ережеп айында дүние салды деген дерек келтіреді.

Ғалымның жаназасына қасына он бес нөкерін ерткен Дамаск әміршісі Сәйф әд-Дәуләнің өзі қатысады. Әл-Фараби Сәйф әд-Дәуләдан күніне бар болғаны төрт күміс дирһам алып отырғандығы хақында хабарлар бар. Бұл бір күндік тіршілік қажеттілігіне ғана жететін ақша. Әрине, ғалымды дүние ісі қызықтырмаған. Сондай-ақ ол түн мезгілінде күзетшілерге барып, шырақ жарығында оларға өз еңбектерін оқып тұрған деседі.

Сейф әд-Дауләнің Фарабиге құрметі ерекше болған. Ол ғалым үшін сарайда барлық жағдай жасауға әзір тұрған, бірақ Фараби қанағатшыл және барына шүкір ететін жан еді. Оның бұл әрекеті расында әл-Фарабидің ұстанған жолы, өмір сүру әдісі сопылық әдіс деген пікірді нақтылай түсетін сияқты.

Өйткені, жалпы араб деректерінде де ғалымның сопылық өмір сүру әдісін құптағандығы айтылады. Сол себепті ғалым сұлтан сарайында тұрса да өте қарапайым әрі үнемшіл ғұмыр кешкен. Әйтпесе, Сейф әд-Дәулә әл-Хамадани өзінің ғалымдарға деген қамқорлығы әрі жанашырлығымен танылған тұлға. Ол кісі ғалымдарды таршылықта қалдырмай демеп жүрген.

Кеңес өкіметі саясатының ықпалымен басқа салалардағы сияқты фарабитануға қатысты әдебиеттерде де ғалымның діни дүниетанымы тиісті деңгейде қамтылмады. Енді бұл мәселе орыс әдебиетімен ғана шектелмей араб, түрік, парсы және т.б. шет тілдеріндегі деректермен жұмыс жасай алатын жас ғалымдардың еншісінде.

Танымал фарабитанушы М. Хайруллаев «Фарабидің дүниетанымы» атты шығармасында ортағасыл ойшылы жайында мынадай мәлімет келтіреді: «Бір күні әл-Фараби Дамаск базарына барады. Мұнда тісімен тері тартып отырған сымбатты жас етікшіні көреді. Әлгі жігіттен: «Мұндай ыждағатпен істеген жұмысың үшін күніне қанша аласың?» – деп сұрайды. Ол: «Екі дирһам», – деп жауап береді. Мұны аяған ғалым күніне сарайдан алатын 4 дирһамын осы жігітке беріп отырған екен. Бұл жігіт ұстаздың сұхбатшысы болыпты».

Сол сияқты Байһақидің шығармасынан байқағандай, философтар туралы аңыз әңгімелер сол дәуірлердің өзінде-ақ қалыптасқан. Тіпті мұндай әңгімелердің авторлары анық анахронизмдердің алдында да тоқтамаған. Сол сияқты «Философтардың мінезі туралы» атты бір кітапта буддалық Исмайл ибн Аббад уәзірдің әл-Фарабимен кездесуі туралы аңыз айтылады.

Уәзір (938 ж. туылған) біраз уақыттан бері әл-Фарабимен (950 ж. өлген) жүздесе алмай жүрген екен. Тіпті оны ертіп келген адамға марапат тағайындап та қойыпты. Күндердің бір күнінде әл-Фараби уәзірдің үйіне түркі киіммен келеді. Қонақтар мұны келемеждеп күлкіге айналдырып, оны сарайға кіргізген күзетті сөгеді. Біраз уақыттан соң әл-Фараби ішекті аспапта ойнап, отырғандардың барлығын терең ұйқыға жібереді. Аспапқа «Әбу Насыр келді, сендер оны күлкіге айналдырдыңдар. Ол сендерді ұйықтатты да жоқ болды» деп жазып кетіпті. Уәзір өмірінің соңына дейін осы оқиғаны ұмыта алмапты («Фарабидің дүниетанымы және оны философия тарихына әсері» кітабынан).

Кейін музыка аспабындағы бұл жазуды көрген уәзір: «Нығмет құпиясына қол жеткізгенің сол-ақ екен, оның ғайып болғанын білмей де қаласың», – депті. Уәзір әл-Фарабиді қанша іздегенімен оны таба алмапты. Себебі ол мәжілістен шығып, Дамаскіге жолға шығыпты.

Сондай-ақ әл-Фараби күшті және ержүрек адам еді. Ол жебені жақсы тартқан, атқан оғы нысанаға дәл тиеді деседі. Әрине, автордан авторға, кітаптан кітапқа өтіп, фольклорлық материал сияқты халық арасында кең тараған бұл әңгімелер әл-Фарабидің ғылыми өмірбаянын құру үшін нақты дерек бола алмасы анық.

Дей тұрса да, бұлар осындай Шығыстың ғұлама тұлғалы ғалымының мінезі, оның қызығушылығы мен өмірі туралы белгілі дәрежеде үзінділер қалыптастырады. Бұл әңгімелерде халықтың әл-Фарабиге деген ыстық махаббаты байқалады.

Әл-Фараби – энциклопедист. Ол логика мен көптеген теориялық ғылымдар жайындағы еңбектердің иесі. Ғалымның логика, философия және т.б. салаларға қатысты жазған өзінің еңбектері де бар. Олардың кейбірін атап өтсек болады: «Қысқаша логика кітабы», «Сөздер мен әріптер», «Азаматтық саясат», «Поэтика», «Логика іліміне кіріспе», «Өлшемдер жайындағы кітап», «Қысқаша философия кітабы», «Философия сөзінің мағынасы жайында», «Азаматтық қоғам жайындағы кітап», «Қиялдағы геометрияға кіріспе кітабы», «Өлең мен ырғақ жайындағы сөз», «Жұлдыздардың қозғалысы жайындағы сөз», «Химия өнері жайындағы сөз», «Субстанция туралы», «Жалинусқа (Галенге) қарсы айтылған сөз…», «Иләһи ғылым», «Ғылымдардың жіктелуі», «Қайырмды қала тұрғындарының көзқарасы туралы кітап» және т.б.

Данышпан әл-Фарабиді әлі де жақыннан тану, оны өскелең ұрпаққа насихаттау – заман талабы. Оның гуманистік ойлары, бақытты мемлекет құру идеялары, әділ басшы, көреген имам, дана ойшыл, ізгілік, ізетті қоғам, үлгілі азамат сияқты т.б. зерделеген адамгершілік ұғымдары барлық уақытта өзекті болып қала бермек.

**Жалғас САДУАХАСҰЛЫ**
**философия ғ.к., дінтанушы**

www.muftyat.kz

Имандылық іргемдері

***Отбасы – қоғамдағы ең маңызды институт саналады. Онда әркімнің ең жақын туыстары мен қымбатты жандары өмір сүреді. Жанұяның әрбір мүшесі бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады. Сәйкесінше ақпарат алмасу, құндылықтарды сіңіру үрдісі де жоғары деңгейде орын алады.***



# ДІНИ ТӘРБИЕНІӘЯДРОСЫ – ОТБАСЫНДА

Алайда, бұл қатынастар қазіргі кезде кері көрініс тауып жатқан жайттар да бар. Қазіргі кездегі теріс діни ағым өкілдерінің ашық ақпараттық қоғамнан оқшаулануы осыны айғақтай түсуде. Өйткені, оқшаулану отбасылық және кіші топтар деңгейінде жүргізілуде.

Дәстүрлі отбасының негізгі мүшелері әке, ана, баладан құралады. Мұндағы отбасылық қатынастың түзілуінде әрбір отбасы мүшесінің өз орны бар. Отбасы институтының бұл ерекшелігі ислам дінінде де ескерілген.

**Барша мұсылмандардың үлгі тұтар тұлғасы Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) отбасы құрып, ұрпақ өрбіткен. Өзінің жұбайлары мен қыздарына, немерелеріне тәлім-тәрбиесін сіңдірген. Сондықтан ислам дінінің қасиетті мәтіні – Құран мен сүннетте және фиһқ кітаптарында отбасы мүшелерінің әрқайсының міндеттері белгіленген. Ал, осы міндеттер мұсылман жанұясының қоғамдағы ерекше функцияларын айшықтайды.**

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдері зайырлы басқару формасына бет алғандықтан дін мен мемлекеттің бір-бірінен бөліну үрдісі жүруде. Зайырлы елдің бұл ерекшелігі елдегі барлық діннің теңдігі мен сенім бостандығын қамтамасыз етеді. Ешқандай дінге мемлекет тарапынан қолдау білдірілмейді. Қоғамдағы әрбір азамат өзінің қалауынша дін ұстануға немесе одан бас тартуға құқылы. Өз кезегінде бұл бұрыннан қалыптасқан діни құндылықтардың зайырлылық талаптарына сай даму қажеттілігін ортаға шығарады.

Сондықтан қазіргі кезде дін құндылықтары дамуында отбасының рөлі артуда. Отбасы мемлекет аумағында өмір сүре отырып өз құндылықтарын жанұяның әрбір мүшесі арасында сақтауға мүмкіндік беретін кішігірім мемлекет. Бұл ерекшелікті жат ағым өкілдері де өз идеяларын сақтауға, оны таратуға тиімді пайдаланып отыр. Отбасын микро деңгейде комфортты аумақ ретінде қалыптастырып, өз араларында ортақ діни сенім негізінде еркін әрі ашық сұхбат құруда.

Осы орайда отбасының діни иедеяларды сақтаудағы бірқатар қызметтеріне тоқтала кетсек.

Мұсылман отбасында нақты, сатылы түрде қатынастар белгіленген. Ал, қазіргі теріс ағым өкілдері өздерін «нағыз» мұсылман санайтындығын ескерсек, ислам діниндегі отбасы қатынастарының аталмыш ерекшеліктердің өздеріне тиімді жағын барынша қолдануға тырысып бағары сөзсіз.

Сатылы қатынастың біріншісі жұбайлар арасында белгіленген. Қарапайым мұсылман отбасында ер адам – отбасының ең ықпалды мүшесі, оның сөзіне әйелі құлақ асып, бойұсынуы тиіс. Қасиетті Құрандағы: **«Еркектер – әйелдерді билеуші. Өйткені, Алла, бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар; малдарынан да пайдаландырады. Ал енді жақсы әйелдер; бой ұсынушылар, Алла қоруға бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар»** деген аятты мысал етуге болады («Ниса» сүресі, 34-аят).

Мұндағы аят пен өзге де осы бағыттағы діни мәтіндерді қазіргі кезде жат ағым өкілдерінің ықпалына түскен әйелдер күйеуге сын-көзсіз бағыну деп қабылдауда. Көзсіз ерудің салдары әйелдердің шетел асып, Сирияға дейін кетуіне, лаңкестік әрекеттің қатысушысына айналуына алып баруда.

**Асылында, ислам діні бұзақылыққа тыйым салған және мұсылмандар тек жақсылықта ғана бірігетіндігін насихаттайды. Исламда әйел кісі де, ер адам да шариғатқа қарсы келетін істі жасамауы тиіс. Ал, Сириядағы қақтығыс – қантөгіс пен зұлымдықтың көрінісі. Сондықтан шариғат құптамайтын мұндай «күйеуге бағыну» ұстанымын дінмен байланыстыру орынсыз**.

Діни отбасылық қатынастың екінші сатысы – ата-ана мен баланың қатынасын қамтиды. Балалары ата-анасын сыйлауға міндетті. Мұны Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) «***Кімде-кім ата - анасын риза қылса – Алланы риза қылғаны, егер ата-анасын ашуландырса – Алланы ашуландырғаны***» деген танымал хадисі айғақтайды.

Ал, ата-анасы балаларын бағып-қағуы және пайдалы білім мен тәжірибені үйретуі тиіс. Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) хадисінде балаларға дұрыс ат қоюды, оларға дұрыс тәрбие беруді және дін ілімін үйретіп, құлшылық жасауға дағдыландыруды міндеттейтін мәтіндер бар.

Өз кезегінде бұл ата-аналардың діни құндылықтарды балаларға үйретіп, ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Ал, жат ағым өкілдері бұл функцияны өздерінің қоғамға зиянды ілімін жалғастырушы буынды дайындауға пайдаланады.

Отандық дінтанушылар деструктивті көзқарасты отбасындағы әйелдер мен балалар жат идеологиямен өсетіндігін тұжырымдауда. «Жусан» операциясымен елге оралған әйелдермен тікелей жұмыс істеген сарапшы Т. Мұстафина:

**«Әдетте, бұлар – көпбалалы отбасылар, кем дегенде бес-алты бала. Егер олардың өздері жасырын радикалды идеологияны ұстанатынын ескерсек және балаларын соған тәрбиелесе, 10-15 жылдан кейін жастар контингентінің және орта жастағы адамдардың үлкен пайызынан мемлекеттің дамуына қауіп төнетінін болжауға болады. Бұл қауіпті», – деп бағалайды.**

Әлеуметтанушылардың зерттеулеріне сәйкес алғашқы әлеуметтану үрдісі адамның жеткіншек кезінен басталады. Яғни, баланың өмірге биімділігі мен бойына сіңіретін барлық құндылықтары отбасындағы тәрбие мен ондағы қатынасқа байланысты. Сондықтан деструктивті ағымды ұстанатын отбасында өмірге келген баланың жат ағымға бейімділігі жоғары болмақ.

Бала ата-анасының қатынасына қарай олардың іс-әрекеттерін өздеріне көшіріп алады. Сондықтан діни отбасында өмірге келген бала арнайы оқу бағдарламасын өтпесе де, діннің негізгі ерекшеліктерін танып өседі. Осындай отбасының мүшелері ата-анасының көзқарасы негізінде қоршаған ортаны таниды, қоғаммен және мемлекетпен сол көзқарас негізінде қарым-қатынас жасайды.

Мұның оң ықпалы қазіргі кездегі жаһандану үрдісіндегі әртүрлі адамгершілікке жат дүниелерден балаларды сақтауға және жастардың рухани дамуына үлес қосу қабілеті саналады. Ал, жағымсыз көріністері теріс діни топтардың зайырлы елдің ұстанымдары мен дәстүрлі діни құндылықтарға деген жек көру идеяларын балалардың санасына сіңіруге мүмкіндік беруі болып отыр. Өз кезегінде бұл мемлекет тарапынан жасалатын оңалту жұмыстарына кері әсерін тигізуде.

***Жалпы жоғарыдағы діни отбасының ерекшеліктерін саралай келе зайырлы елде адамгершілік құндылықтарды сақтауда діни отбасының маңызды рөлі анық байқалды. Дегенмен, кері бағыттағы діни ағымдардың осы тәсілмен өздерінің зарарлы идеяларын сақтауға деген әрекеттері бүгінгі күнгі өзекті мәселенің бірі болып отыр.***

**Р. РАШИМБЕТОВ**

## СҰРАҚ-ЖАУАП

### *Намазда саптың арасы алшақ болса, жамағат намазының сауабы беріле ме?*



Жамағат намазы дегеніміз – имамның артында тұрып, парыз, уәжіп, тарауық намаздарын оқу. Жамағат намазы – ер кісілер үшін бекітілген сүннет және сауабы өте үлкен. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Жамағатпен оқыған намаздың сауабы жеке оқыған намаздан жиырма жеті есе артық»[1], – деген. Сондай-ақ жамағат намазына қатысу ниетімен мешітке барған адамның әрбір қадамына сауап жазылып, күнәсі төгіледі.

Елімізде карантин режимінің жұмсаруына байланысты мешіттерімізде жамағат намазы арнайы санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып жүзеге асып жатыр. Сол талаптардың бірі – намаз оқушылардың арасындағы арақашықтық 1,5 метр болуы тиіс. Осыған орай «бұлай оқылған намазға жамағат намазының сауабы берілмейді», «олай оқу – бидғат» деп жүргендер де бар.

Жамағат болып намаз оқығанда саптың түзу болуы және арада ашық жердің болмауы – намаздың көркі әрі кемелдігі. Ол жайында Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көптеген хадистер келген.

عن أبي هريرة - رضي الله عنه - أن رسول الله - صلى الله عليه وسلم - قال: (أقيموا الصف في الصلاة؛ فإن إقامة الصف من حسن الصلاة).

Әбу Һурайрадан (оған Алла разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Намазда тұрғанда сапты түзеңдер. Өйткені сапты түзеу – намаздың көркі», – десе, келесі хадисте: «Саптарыңды түзеңдер, расында саптарды түзету намазды толықтырады»[2], – деген. Намазда арада ашық жердің болмауын жұмһур (көпшілік) ғалымдар мандуб амалынан деген.

«Мұхтасар әл-Уиқая» кітабында: «Алдыңғы сапта бос орын бола тұра, артқы сапқа тұру – макруһ»[3], делінген. Бұдан түсінетініміз ешбір үзірсіз намазда тығыз тұрмау макруһ болады. Дегенмен бұл жағдайдың өзінде намазы бұзылмайды. Өйткені намазда сапты түзеп, арада бос орын қалдырмау намаздың рүкіні не шарты емес.

Имам әл-Касани «Бадаиғ әс-Санаиғ» кітабында: «Егер бір адам мешіттің бір бұрышында тұрып, михрабта тұрған имамға ұйыса, намазы дұрыс болады. Өйткені мешіт ұзақтығына қарамастан бәрі бір орын болып табылады»[4], деген. Яғни имамға ұю шарттарының бірі имам мен жамағат бір орында болуы керек.

Сондықтан індеттің тез таралу қаупін ескере отырып саптың тығыз болуын уақытша ескермеу макруһ болмайды әрі намаз да бұзылмайды. Алла қаласа, жақсы күндер алдымызда. Зәрулік жағдайы өткеннен кейін сапта тығыз тұру өз үкіміне қайта оралады.

Сіз бен біздің еліміздегі вирустың алдын алуға бағытталған кешенді шараларды қатаң сақтауымыздың нәтижесі бұрынғы қалыпты құлшылықтарымызды тез арада қайта жасауға мүмкіндік туғызатынын түсінейік. Өзімізге қамқорлық өзгелерге қамқорлық екенін естен шығармайық.

Алла Тағала жер бетінен жұқпалы індетті жойып, мешіттерімізді жамағатқа толтырып, берекелі, мерекелі сәттерде жүздесуді жазғай! Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай! Әмин!

*[1] Имам* Бұхари*, Муслим. [2] Имам* Бұхари*, Муслим. [3] Мұхтасар әл-Уиқая. [4] Бадаиғ әс-Санаиғ.*

### *Кремацияның дініміздегі үкімі қандай?*

***Кремация (лат. crematio, cremare – өртеу) – мәйітті арнаулы тәсілмен өртеу әдісі. Алғаш рет соңғы неолит пен қола кезеңдерінде пайда болған (б.з.б. 3 – 2-мың жылдықтар).***



Ежелгі гректер мен римдіктер адам мүрделерін өртеуді кеңінен қолданды. Жапонияда, Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа да елдерінде кремация ертеден бар. Кремация будда дінінің өлік жөнелту қағидаларымен байланысты қалыптасқан. Еуропа елдерінде кремация христиан шіркеуі шамандық, яғни «дінсіз» халықтардың салты деп жарияланды. Оның үстіне, христиандар ұғымында кремация библиялық «қайта тірілу», «о дүниедегі өмір» ілімдеріне қайшы келетін болды. Тек 19 ғасырдың екінші жартысында ғана Еуропада кремация қайтадан қолданыла бастады. Арнаулы пештер –крематорийлар кеңінен тарады (алғаш рет 1876 ж. Милан қаласында салынды). Еуропада өртенген мәйіттің күлін жерге көмеді немесе арнаулы урналарда сақтайды.

Қайтыс болушының денесін арнайы пеште өртеп, күлін жерлеу; көптеген ежелгі заман халықтарындағы «жалынмен жерлеу», соның ішінде ежелгі славяндардың жерлеуінің бір түрі.

Ислам шариғатында мұсылмандардың мүрделерін кремация (өртеу) арқылы жерлеуге болмайды. Бұл – адамзат жаратылысының ардақтылығына қайшы келетін іс. Жаратқан Иеміз Құранда адамзатты ардақты етіп жаратқанын айтады.[1]

وَلَقَدْ كَرَّمْنَا بَنِي آدَمَ وَحَمَلْنَاهُمْ فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ وَرَزَقْنَاهُمْ مِنَ الطَّيِّبَاتِ وَفَضَّلْنَاهُمْ عَلَى كَثِيرٍ مِمَّنْ خَلَقْنَا تَفْضِيلًا.

«Сөз жоқ. Біз Адам балаларын ардақтадық. Құрлықта, теңізде алып жүрдік, жақсы нәрселерден ризық бердік әрі жаратқандарымыздың көбінен оларды үстем еттік»[2], – дейді.

Әрі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қандай да бір жәндікті отпен жазалауға болмайтынын ескерткен. Басқа хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Өлген адамның сүйегін сындыру – тірі адамның сүйегін сындырғанмен тең»[3]. Яғни адам баласы тірі бола ма, дүниеден өткен бола ма құрметке ие.

Жалпы мұсылман үмметі адам дүниеден өткен соң оны жерлеу керектігіне бір ауыздан келіскен. Ал оны өртеу болса мәйітті, қорлау, азаптау болып саналады. Тіпті Алла елшісі қабірді баспаңдар деген. Бұл да болса дүниеден өткен марқұмға құрмет ретінде айтылған.

Құран Кәрімде жерлеу үлгісі Абыл мен Қабыл оқиғасында баяндалған. Шариғатымыз бойынша адам баласы дүниеден өтсе оның денесін жер қойнауына тапсырады. Ал өлген адамды өртеу дінімізге жат.

*[1]«Жаназа және жерлеу рәсімдері» 114-*бет Астана*, 2018 ж. [2]«Исра» сүресі 70-аят. [3] Ибн Мәжә риуаяты.*

# АУЫЛДАР ҚЫМЫЗ ЖІБЕРДІ

***Коронавирус инфекциясын жұқтырып, пневмониямен ауырып жатқан аймақ тұрғындарына Ұлытау, Жаңаарқа аудандары мен қалаға қарасты ауылдардың шаруа қожалықтары қымыз жіберіп, ем-дом шараларына қаржылай да көмек көрсетуде.***

Сәрсенбі күні Ұлытау ауданына қарасты Сарысу ауылдық округінің азаматтары Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы провизорлық, инфекциялық ауруханаларға 200 литр қымыз жеткізді. Сондай-ақ, шаруа қожалықтары, ауыл тұрғындарынан жиналған 2 473 000 теңге қаражатты жергілікті белсенділер ашқан «Індетке қарсы күрес» қорына аударды.

– Қиын-қыстау сәтте жанашырлық танытып, ұйымшылдығын көрсеткен ауыл тұрғындарына, шаруа қожалықтарына алғыс білдіреміз. Шын ниетпен ұсынылған бұл қымыз науқастардың дертіне шипа болсын, еліміз індетті жеңіп, қалыпты өмірге қайта оралатын күн тусын деп тілеймін, – дейді Сарысу ауылдық округінің әкімі Сәтжан Құрманбаев.

Сондай-ақ, Жаңаарқа ауданы Түгіскен ауылдық округінен 300 литр қымыз жеткізіліп, Жезқазғандағы көпбейінді аурухана мен Жезқазған университеті жатақханасынан ашылған инфекциялық ауруханада жатқан науқастарға тапсырылды. Түгіскен ауылдық округі әкімдігінің жетекші маманы Ерден Досанның айтуынша, түгіскендіктер осындай көмекті Теміртау қаласына, Нұра ауданына да жолдаған. Бұл игі бастама әлі де жалғасын таппақ.

Осы игі шарадан теректілік жерлестеріміз де шет қалмай, қалаға 350 литр қымыз жеткізді.

Теректі жұртының тамшыдай болса да осы көмегі науқастарға шипа болсын. Жергілікті ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде насихатталып жатқан осындай игі істер көпке жұғысты болып, жалғасын тапсын, – дейді Теректі ауылының имамы Мизамбай Бірәліұлы.





# ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛДЫ

***COVID-19 коронавирус инфекциясы белең алған мына тұста еліміздің әр аймағындағы белсенді азаматтардан құрылған бастамашыл топтар түрлі жолмен қажетті дәрі-дәрмек пен медициналық аппараттарды сатып алуға үлес қосуды өзіне міндет етті. Осы ретте жезқазғандықтар да қарап қалмады. Олар провизорлық орталық пен госпитальда індетпен алысып жатқан жерлестерінің ауыртпашылығын жеңілдетуге өздерінше үлес қосуға кірісіп кетті.***

«Індетке қарсы күрес» қайырымдылық жобасын қолға алған бастамашыл топ жеке кәсіпкерлер мен қаланың жанашыр азаматтарының қолдауымен алты күннің ішінде бірқатар шаруаның бетін қайтарып, тынысы тарылғандардың өмірін сақтауға қажетті оттегі концентратын сатып алуға қажет 12 млн. теңгеге жуық қаражат жинады.

Бұл қаржы 88 оттегі концентраты сатып алуға жетеді. Қазір медициналық аппараттарды Түркиядан елге жеткізу мәселесі бойынша «Шұғыла» қоғамдық қорымен келіссөздер жүргізілді. Қор ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің көмегімен жүкті тегін жеткізетін әуе көлігін тапты. Тапсырыстың алғашқы легі Алматы қаласына 21-22 шілдеде жеткізіледі деп күтілуде. Одан кейін Жезқазған мен Сәтбаев қалаларына жеткізіледі, – дейді бастамашыл топ мүшесі Арман Кенжебек.

Осылай қаржы жинаудан бөлек, жергілікті азаматтар басқа да игі істердің басы-қасынан табылып жүр. Атап айтсақ, қазірдің өзінде қала емханаларына 20 дана оттегі концентраты, 350 дана жастық, 12 дана фильтрленген су диспенсері, дәрі-дәрмек сақтауға арналған 4 мұздатқыш, 17 пульсиксометр, 100 қорғаныш көзілдірігі мен 1000 респиратор, 2000 дана бір рет пайдаланылатын арнайы костюм, дезинфекциялауға арналған 10 арнайы ыдыс, гигиеналық заттар мен жуғыш құралдарды жеткізілді.

Сонымен бірге, науқастарға фильтрленген таза су жеткізу мәселесі оң шешімін тапқан. Көпбейінді аурухана 1000 л, Сәтбаев қаласындағы екі провизорлық орталық 1200 л таза сумен қамтамасыз етілді. Бүгін-ертең тапсырыс берілген 2,5 мың дана медициналық қолғап та келіп қалуы тиіс.

Ауылдағы ағайын да қолындағы барымен бөлісіп, ауруханаларға қымыз, сүт өнімдерін жеткізіп жатқанын да айта кеткен жөн.

Дерт әлі дендеп тұр. Сондықтан, қорға қаржы жинау жалғаса бермек. Бастамашыл топ күнделікті қорға түскен қаражат пен жоспарлары, атқарылған жұмыс туралы жұртшылықты әлеуметтік желі арқылы хабардар етіп отырады. Жиналған қаржы аймақ ауруханаларын қажетті құралдармен жабдықтауға жұмсалады. Қайырымды істен құр қалмаймын дейтін тұрғындар төмендегі реквизит бойынша көмек қолын соза алады.



**Kaspi: 5169 4931 1246 9542**
ЖСН:940205350066
**+7 705 901 10 10 (Нұртаза Берікболатұлы)**

Сонымен қатар, қазір еріктілердің көмегі ауадай қажет. Ауруханада 14 күн бойы жатып, оттегі баллондары мен су бөтелкелерін тасуға ниетті жігіттер болса, **8 777 072 33 33** нөміріне хабарласуға болады, – дейді Арман Кенжебек.

**Өз тілшіміз**

# АСТАНА БАЛАЛАРДЫҢ КӨЗІМЕН

***Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты № 2 үлгілі кітапхана-филиалы шілде Астана күніне орай «Нұрын төккен Нұр-Сұлтан!» атты онлайн сурет байқауын ұйымдастырды.***







Онлайн сурет байқауының ережесі кітапхананың әлеуметтік желілеріне жарияланды. Қатысушылар Нұр-Сұлтан қаласының қазіргі келбеті мен жетістіктерін қағазға түсіру керек болатын. Байқауға 5-12 жас аралығындағы балалар қатысты.

Байқауды ұйымдастырудың мақсаты – балалардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, белсенділіктерін ынталандыру, дарынды балаларды анықтау, олардың бойында еліне деген сүйіспеншілік пен құрметті нығайту. Байқауға барлығы 13 бала қатысты. Жезқазған, Сәтбаев қалаларының, Малшыбай ауылы және Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Алмалы ауылының мектеп оқушылары мен балабақша бүлдіршіндері белсене қатысты. Қатысушылардың салған суреттері бірінен-бірі асып түсті. Жұмыстарды бағалау кезінде суреттің эстетикалық және көркем безендірілуіне, берілген тақырыпқа жұмыс мазмұнының сай болуына назар аударылды.

Қазылар алқасының шешімімен I орынды Жезқазған қаласындағы №11 орта мектепің 6-сынып оқушысы Адель Аманбаева, II орынды Ақжайық ауданы, Алмалы ауылының Алмалы мектебінің 5-сынып оқушысы Серік Аңсар, III орынды Жезқазған қаласындағы №1 орта мектептің 3-сынып оқушысы Ерали Болатов иеленді. Жеңімпаздар мен қатысушыларға дипломдар және ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

Кітапхана әлеуметтік желі парақшаларының имиджін арттыру үшін осындай байқауларды ұйымдастыруды жалғастыра бермек.

**Ақнұр ҚЫДЫРМАНОВА,
Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі
№ 2 үлгілі кітапхана филиалы меңгерушісі**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



**Құрметті Еркін Жамантайұлы МАХМУТОВ!**

*Сені 50 жас мерейтойыңмен құттықтаймыз.*

*Денсаулығың мықты, мол бақыт, мерейің үстем, мәртебең биік болсын, немере-шөбере көруді Алла нәсіп етсін.*

**Игі тілекпен: Байқоңыровтар әулеті.**



**Құрметті Еркін Жамантайұлы МАХМУТОВ!**

*Сізді 50 жас мерейтойыңызбен құттық-таймыз.*

*Зор денсаулық, ұзақ өмір, Алтыншаш екеуің немере-шөбере көріп, дастарханда-рың тек қызық-қуанышқа ғана жайылсын.*

**Ақ тілекпен:
ағаң – Байғали, жеңгең – Лаззат.**

## ЭКОСОФИЯ

### Бұлбұлдың жаралуы

Озалда бұлбұл көктегі періште болған екен. Адам ата пейіште жүргенде, оған ғашық болып, үнемі сыртынан тамсанып жүреді екен. Адам ата мен Хауа ана жерге қуылғанда, ол да бірге кеткісі келіп, Тәңірден дат сұрапты. Құдай оны құсқа айналдырып, жерге жібереді. Бұлбұлдың түрлі әуеге салып сайрауы періше кезінде үйренген зікірінен деседі.

Енді бір аңызда Намұрт патша Ыбырайымды отқа тастағанда, бұлбұл кешке ән шырқаған екен. Сонда отын тасып жүрген әскер құстың дауысына елітіп, жұмысын тоқтатып тастапты. Тіпті, патшаға дейін тапжылмай ән тыңдаған екен. Кенет бір дию құзғынға айналып, бұлбұлды қуа жөнеліпті. Сол кезде ғана патша мен әскері есін жиған екен. Ыбырайымға болысқаны үшін бұлбұл да киелі құсқа айналыпты.

### Адам атаға жол көрсеткен қарға

Пейіште жүргенде Адам ата мен Хауа ана тыйым салынған жемісті жеп қояды. Құдай оларды жазалап, әлемнің екі бұрышына түсіреді. Екеуі ұзақ уақыт бірін-бірі көрмейді. Құдайдан кешірім сұрап жүре береді. Бір күні Құдай олардың тәубесін қабыл алады. Адамның Хауаны іздеп табуына рұқсат етеді. Адам ата әйелін іздеп сапарға шығады. Бірақ жер беті үлкен, Хауаны табу мүмкін емес еді. Ол Тәңірісіне жылап:

– Уа, Жасаған Ием, маған өзің жол көрсет, – деп сиынады. Жапар хақ құдіретімен бір құс жаратып:

– Мына құстың соңынан ер! Саған жол нұсқайды, – дейді.

Бұл құс – көк қарға еді. Қарға көкте ұшып отырады, Адам ізінен ере береді. Бір күні Жида тауына келеді. Сол жерде Хауа анамен табысады. Адам ата қарғаға риза болып, батасын берген екен.

### Қарғаның тәлімі

Адам атаның Қабыл мен Әбіл деген екі ұлы болады. Бір күні Қабыл кектеніп, інісін өлтіріп қояды. Ол заманда адам өлімі болмаған еді. Сондықтан Қабыл өлі денені не істерін білмей арқалап жүреді. Мәйіт иістеніп, борсиды. Сол сәтте Құдай оны қарғаны үлгі етіп жібереді.

Қарға аяғымен жерді қазады да, шұңқырға өлі қарғаны тұмсығымен итеріп жатқызады. Сосын оны көміп, ұшып кетеді. Қабыл мұны көрген соң, інісін де сөйтіп көмуді ойлайды. Жерді ағашпен қазып, інісін жатқызады да көміп тастайды. Осылайша адамдар қазалы кісісін арулап көмуді қарғадан үйренген екен.

### Кептердің аяғы неге қызыл?

Топан су кезінде Нұх пайғамбар жер іздеу үшін қарғаны жұмсайды. Ол жемтікке алданып, келмей қояды. Екінші сауысқанды жұмсайды. Ол да өлексеге үйір болып, алданады. Үшінші жолы кептерді жібереді. Ол адамға адал еді. Қарны ашып тұрса да, жемтікке жоламайды. Зәйтүн ағашына қонады. Ағашқа өлексенің қаны жұққан екен. Оның аяғы қанға тиіп қызарып кетіпті. Содан бастап кептердің аяғы қып-қызыл болып қалыпты.

### Кептердің көмегі

Мұхаммед пайғамбар жас күнінде Шам шаһарынан керуен тартып келе жатады. Жолда бір құдыққа тоқтап, дәрет алмақ болады. Сөйтсе, құдық терең екен. Қауға шелегі суға түсіп кетеді. Су алатын ыдыс таппайды. Сол сәтте бір топ кептер ұшып келіп, құдықтың ішіне сүңгиді. Тамағына су толтырып шығып, пайғамбардың қолына су құйған екен. Әл Хазірет дәрет алып болғанша кептерлер лек-легімен су әкеліп тұрыпты пайғамбар кептердің осы ісіне риза болып:

– Қанатыңа құт дарысын! Сені нақақ өлтірген адамның жүзін ақиретте от қарысын! – деп батасын береді.

Осыдан бастап кептер шатырға ұя салса, құт келеді, кептердің ұясын бұзған адамның отауына жұт келеді деген тәмсіл тарапты.

### Тауық бар жерге бәле жоламас

Мұхаммед пайғамбар миғражға ұшқанда, үлкен қораз көріпті. Ол Тәңірісін мақтап, зікір айтады екен. Сахар мезгілде жерге түсіп:

– Ей, момындар, тұрыңдар!
Зікір айтқан сахарда.
Хаққа құлдық қылыңдар!
Нұр таратып аһанға, – деп шақырады екен.

Оның дауысын естіп, жердегі короздар да шақырып, жұртты оятады.

Ән Хазірет миғраждан келген соң, ел-жұртын жинап:

– Тауық асыраңдар! Сауабы мол. Тауық бар жерге үш бәле жоламайды: жын-перінің шәрі келмес, сиқыршының дуасы өтпес, бақсының жыны жетпес, – депті.

**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**





